



Педагог

№6(66)

(Қараша-Желтоқсан)

(Ноябрь-Декабрь)

2021

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ж. Исаева. Еңбектен бақытын тапқан жан.....	3
З. Орманова. Өнегемен өрілген өмір.....	5
М. Байырова. Менің таңдауым – ҚазҰУ	16
А. Ахметова. Тәуелсіздік – қастерлі ұғым.....	17
В. Аубакирова. Сапаны бағалау негізінде балалардың денсаулығын сақтау, шығармашылық және коммуникативтік-тілдік дағдыларын дамыту үшін заттық-кеңістіктік дамытушы органы жобалау.....	21
А. Аскарова. Развиваем «гибкий» навык задавать вопросы	25
А. Леспек. Рентабельный бизнес	28
Т. Камзина. Ұлтын әлемге танытқан балуан.....	30
Ш. Дюсюнбекова. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың.....	34
А. Жанабаева. Біз – адал елдің ұрпағымыз.....	36
М. Джумалиева. Иррационал теңдеулер және олардың жүйелерін шешу.....	40
И. Молдаханов. Спортшыларды даярлау жүйесіндегі педагогикалық бақылау.....	42

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
24.11.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 25.11.2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Еңбектен бақытын тапқан жан

**Мария Айтбайқызы
ОРМАНОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ
филиалы Қызылорда
облысы бойынша
педагогикалық
қызметкерлердің
біліктілігін
арттыру институты
жаратылыстану
және гуманитарлық
пәндер оқыту
кафедрасының
аға оқытушысы,
халықаралық тренер,
«Сыр қойнауы»
бағдарламасының
авторы.
Қызылорда қаласы.**




қаласына қоныс аударып, №9 Нағи Илиясов атындағы мектепте аға тәлімгер, №136 Т. Жүргенов атындағы орта мектепте «Елім-ай» эстетикалық тәрбие бағдарламасының республикалық тірек мектебі директорының орынбасары, «Ақмешіт» қазақ-түрік қыздар лицей директорының орынбасары, Қызылорда қалалық білім бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері, тәрбие істері жөніндегі әдіскері қызметтерін абыроймен атқарды.

1993 жылы Ақтөбе қаласында өткен шығармашыл ұстаздардың II республикалық слетінің делегаты. RWCT бағдарламасының халықаралық тренері әрі облыс тарихында «Сорос-Қазақстан» қорының ең алғашқы грант иегері ретінде 1998 жылы жарияланған «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» технологиясы бойынша облысымыздың мектеп мұғалімдеріне білім берді. Барлық деңгейдегі білім сапасын педагогикалық және методологиялық философияны қолдану арқылы жақсарту, оқытудың заманауи технологияларын қолданысқа енгізу, коммуникативтік қарым-қатынасқа бағытталған жаңа оқыту технологияларын ендіру ісінің алғашқы қарлығашы болды. Американдық ғалымдар С. Бичч, А. Дэвис, Давид Ландис, Сапаргүл Мирсейітовалардың курстарына қатысып,

1961 жылы 13 қыркүйекте Қызылорда облысы Жалағаш ауданының «Коммунизм» ауылында дүниеге келген. 1978 жылы орта мектепті бітірген соң Жалағаш ауданындағы Оқушылар үйінде қуыршақ үйірмесінің жетекшісі болудан еңбек жолын бастайды. 1979 жылы Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1983 жылы бітіріп шықты. Студенттік шақтан үздік шәкірт, білікті ұйымдастырушылық қасиетімен көзге түскен қаршадай қыз талай игі істің жетекшісі болды. Ғалым ұстаз, профессор Ә. Қоңыратбаев, ф.ғ.к. А. Шамшатова, ф.ғ.к. Н. Жүнісов, ф.ғ.к. М. Бимағамбетов, ф.ғ.к. Ә. Байжолов, ф.ғ.к. М. Достанов, ф.ғ.к. Ә. Жақыпов, п.ғ.к. Х. Нұғмановалардан білім алып, ф.ғ.к. Әнес Жақыповтың жетекшілігімен «Қармақшы, Жалағаш аудандарындағы топономикалық жер-су атаулары» тақырыбында дипломдық жұмысты жоғары деңгейде қорғады.

Ұстаздық жолын өзі туып-өскен Жалағаш ауданындағы №116 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып бастады. 1986 жылы отбасылық жағдайына байланысты Қызылорда



сертификатталды.

Бастауыш сынып оқушыларын өлкетану деректері арқылы елжандылыққа тәрбиелеу, мектеп оқушыларын ғылыми зерттеу жұмыстарына бейімдеу мақсатында 2005 жылдан «Сыр қойнауы» авторлық жобасын жүзеге асырып, аймақтық тәрбие бағдарламасының ұйытқысы болды. Облыс әкімі Б. Сапарбаевтың қаржыландыруымен орта мектептерде жүргізілген «Әдеп пен әсемдікке баулу» бағдарламасын п.ғ.к. Х. Нұғмановамен бірлесіп әзірледі. Бүгінде әдіскер ұстаздың оқу-әдістемелік көмекші құралдары білім беру



саласы қызметкерлерімен қатар арнаулы оқу орындары студенттерінің көмекші құралдарына айналды. 1999-2000 оқу жылынан бастап өлкетану бағытындағы «Диктанттар жинағы», «Мектеп оқушыларына арналған қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша олимпиадалық тапсырмалар» жинағы (2005 ж.), «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту әдістемесі», «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша қысқа мерзімді жоспарлар» жинақтары бар.

Ұстаздың еңбегін ұлы ететін өзі емес, шәкірттері. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі — білікті де білімді шәкірттері талай бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік атанды. 2000 жылы Қазалы ауданындағы №226 мектеп-гимназиясының мұғалімі Э. Өміртаева «Үздік сынып жетекшісі» байқауында ІІ орынды, 2006 жылы №226 мектеп-гимназия мұғалімі Х. Орынбасарова «Үздік сынып жетекшісі» байқауында бас жүлдені жеңіп алды. Бүгінгі күні «Білім беру саласының Құрметті қызметкері», «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілерінің иегері Хадиша әріптесіміз №13 мектеп директоры қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қызылорда қаласындағы №217 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Остаева «Үздік ұйымдастырушы — 2007» республикалық байқауында ІІІ орынды, 2008

жылы Қызылорда қаласындағы №217 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.Ділдабекова «Эрудит жетекші» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Қазалы ауданындағы №17 мектеп директоры Э. Смагуллаева республикалық сынып жетекшілер байқауында ІІ орын иегері атанды.

М. Орманова 1998 жылдан бүгінгі күнге дейін «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында жаңартылған білім беру бағдарламасының тренері болып еңбек етіп келеді. Кез келген адамның тілін табатын, үлкен-кішіні бауырына бірдей тарта білетін ерек мінез иесі Мария апай отбасында аяулы жар, ардақты ана, мейірімді әже атанып отыр. Қасиетті Сыр топырағында дүние есігін ашқан, білімі мен білігі, тәлімі мен тағылымы толысқан Мария Айтбайқызын мерейлі мерекесімен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс, айналасына амандық тілеймін.

**Жанар ИСАЕВА,
ф.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО»**

АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты Әдіснама және педагогикалық инновация кафедрасының меңгерушісі. Қызылорда қаласы.



Тойға шашу



Бақыт КӘНТАЙҚЫЗЫ

Зейнеткер ұстаз, ақын.
Жалағаш ауданы

Мәрия, ерекше ғой озық ойың
Тұнған білім, дария тұла бойың,
Абырой биігінде қалықтай бер
Құтты болсын, 60 жас мерейтойың.

Ерекше қабілетті болып жаралғансың
Жалағаштың топырағынан нәр алғансың,

Қоғамға бергеніңнен берерің көп
Озық ойлы, өрең биік, ерен жансың.

Жаныдың ұстаздарды өрге қарай
Жарысыңа қатыстық біздер талай.
Жүздіріп әдебиет сүйер ұстаздарды,
Әлеміне ендірің «Абай, Пушкин,»

Талай ұстаз өзіңнен тәлім алған
Жүрегіне ізгілік жолын салған,
Жүре бер, Мәрия сіңілім, биіктерде
Тандарың арайланып атсын алдан.

Қиындықты ерінбейсің жеңесің де
Жүрсің әлі қоғамның зор белесінде,





Ізденіс пен талпынысың тоқтамасын
«Өрлеудің» өріліп жүрсің кемесінде

Бал-бұл жанып жүресің жайнап жүзің
Айқын анық артында салған ізін,

Қоғамның жаңалығының жаршысы бол
Жарқырай бер, Жалағаштың қайсар қызы.
Жарқырай түс, Жалағаштың қайсар қызы

10.11.2021 жыл

Өнегемен өрілген өмір




**Зоя Айтбайқызы
ОРМАНОВА,
М. Мәметова
атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары
колледж оқытушысы,
ф.ғ.м.
Қызылорда қаласы.**

Отбасы. Осы бір ауыз сөзде қаншама мән-мағына жатыр десенізші... Ардақты Айтбай әкеміз бен аяулы Сәнду анамыздың бақыт мекеніне айналған отбасында алты бала өсіп, ер жеттік. Ауызбіршілік, бауырмалдық, ізеттілік, еңбексүйгіштік сынды көптеген асыл қасиеттерді бойымызға сіңіре білдік. Біздің үйіміз руханият ордасы десе де болғандай еді, «Білім және еңбек», «Жалын», «Жұлдыз» журналдары, «Советский спорт» газеттері жинақталып, жыл-жылымен тұратын. Көптеген көзі қаракты кісілер келіп, газет-журналдарды оқып, мәліметтер алып тұратын. «Кітап — рухани байлық» дегендей, отбасымызбен кітап оқуға құмар болдық. Ата-анамыздың қонақжай кең дастарқанынан талай жақсылар мен жайсаңдар дәм татқан еді.

1984 жылдың 26 қаңтарында елге іссапармен жазушы Кемел Тоқаев пен айтыскер ақын Баянғали Әлімжановтар келгенде ел ағалары Кемел ағадай қарымды қаламгер-жазушыға осы отбасынан елдің ықылас пейілін көрсеткеніміз жөн

деп шешіп, осындай біртуар азаматты күту бақыты біздің отбасына бұйырды. Жолдан келген шаршауы басылып, жан-жағына қараған Кемел аға кітап сөресінен детективті шытырман оқиғаларға толы «Поток», «Тайнственный след», «Последний удар», «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға», «Соңғы соккы» атты шығармаларын көріп, қатты толқыды. «Алыс елді мекенде кітаптарым жиналып тұрғанын көріп, жазушыға деген құрметке, кітап оқуға құштар балалар тәрбиелеген Айтбай мен Сәндуге, отбасына риза болдым», - деп ата-анамызға алғыс сезімін білдірген болатын.

Әрине, біздер, балалары саналы ғұмырын туған өлкесін дамытуға арнаған әкеміз бен білім нәрін шәкіртіне үйретуден жалықпаған анамыздан өнеге ала білдік. Анамыз бастаған ұстаздық ұлы жолды отбасындағы бесіміз тандадық. Отбасындағы үлкеніміз — Мария апамыз. Мектеп қабырғасында жүрген кезден-ақ үлгілі оқуымен, белсенділігімен ерекшеленіп, бүгінше айтсам, көшбасшылық қасиеті ерте танылды десем артық айтқандық емес. 1973 жылы жолдамамен «Артек» лагеріне барды. Ауылдан шыққан Мария тәтеміз 19 мамыр күні сол Аю-Дак тауының етегінде «Янтарная» дружинасында өткен Пионерлер мерекесін көпке дейін тамсана айтып жүрді. Мектепті тәмамдаған соң, Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алды. Осы тұста ұстазы ф.ғ.к. Әнес Жакыповтың жетекшілігімен «Қызылорда облы-





сындағы топономикалық атаулар» тақырыбында диплом жұмысын жоғары деңгейде қорғады. Кейін ұстаздық еткен жолдарында осы тақырыпты зерттеуді тереңдетіп, өлке тарихын, жергілікті жер-су атауларын зерттеуге ден қойды. Ғылыми диссертациялық жұмысын дайындады, өкінішке орай кеңестердің жабылуына байланысты қорғауға дайын жұмысын қорғап үлгере алмай қалды. Зерттеу жұмысы «Сыр қойнауы» бағдарламасы дүниеге келді. Мектептің 1-4 сынып оқушылары «Ата мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»; 5-7 сынып оқушылары «Сыр өңірінің жер-су атаулары»; сынып жетекшілері арасында «Сырдың тарихи тұлғалары» бағыттары бойынша тәрбиелік шаралар, жоба жарыстарын тұрақты жүргізіп, қаншама оқушылардың республикалық сайыстарға қатысуларына дейін қанаттандыра білді.

2020 жылы облыстық «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесе, «Біздің отбасының құнды жәдігері» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жоба жарысына 117 оқушы қатысты. Бүгінгі күні қолданылмай, назардан тыс қалып бара жатқан дүниелердің ата-бабадан келе жатқан құндылық екеніне жас буынның көзін жеткізуге сүбелі үлес қосқан жоба болды.

Республикамызда өзіндік айшықты орны бар оқу орны — М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі. Осы оқу орнының студенттері де «Сыр қойнауы» бағдарламасы аясында «Біздің түлектер», «Біздің қаламыздың көшелері», «Ескерткіштер сөйлейді», «Сыр бойы ақын қыздары поэзия көкжиегінде», «Бабалар ер-

лігі — ұрпаққа үлгі» тақырыптарында жоба жұмыстарын жүргізді. Студент-жастардың ізденіс жұмыстары негізінде «Біздің түлектер» жинағы жарық көрді. Сонымен қатар, «Сырдария кітапханасы — тұнған тарих, шежіре» тақырыбында Сырдария кітапханасына енген тұлғалар тағылымын зерделеу мақсатында облыстық жоба жұмыстары жүргізілді.

Айтулы оқу орындарының бірі — И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінде 2015-2016 оқу жылдарынан Сыр қойнауы факультатив сабақтары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, Мария Айтбайқызының «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқыту әдістемесі» - мектеп мұғалімдері мен студенттердің көмекші құралдары бар.

Алдыңғы көш қалай жүрсе, кейінгілер де солай бой түзейді емес пе?! Осы отбасынан өрбіген бауырлары, біздер де ұстаздық жолды тандап, ұрпақтар сабақтастығының алтын тінін жалғастырып келеміз.

Иә, бұл күнде асқаралы 60 жасқа толып отырған Мария Айтбайқызы Орманованы білікті маман, ақылшы ұстаз, қамқор бауыр, асыл жар, аяулы ана, мейірімді әже, бастысы жан-жағына шуағын шашқан, өзіндік өмір жолын қалыптастыра білген ерекше жан деп өнеге тұтамыз. Шынайы еңбек пен ізденіске құрылған еңбек жолыңыздан кейінгі толқын үлгі алары сөзсіз. Өнегемен өрілген өмір жолыңыздың зейнетін көре беріңіз, ғұмырлы болыңыз!

Мақтанышым — Жан анама хат



**Мурат Серикович
АУЕСБАЕВ,
ҚР Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің
Шекара академиясының
докторанты, әскери іс
пен қауіпсіздік магистрі.
Алматы қаласы.**

Қай халық болсын әрдайым білім сырын, ғылым тілін түсінген, еліне енші етіп ұстатқан ұстаздар мен ғалымдарды аса құрметтеген. Сондай ғалым-ұстаздардың бірі — «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Қызылорда облысы бойынша филиалының аға оқытушысы, Халықаралық тренер, педагогика ғылым-



дарының магистрі, аяулы анам Орманова Мария Айтбайқызы.

Менің анам — бұл дүниедегі ең асыл жан. Ана жайлы ойынды айтып тауыса алу мүмкін емес... Әркімнің өз анасына деген махаббаты шексіз. Жазып отырған хатымның мақсаты анамның 60 жастық мерейтойына байланысты, мен де анамның маған сыйлаған мәнді өмірі үшін алғысымды айта отырып, өз ойымды аз да болса жеткізгім келеді.

Біздің отбасымызда бес адам бар, олар ата-анамыз, әпкем Жанат, мен және інім Ербол. Ал қазіргі таңда ата-анамыз немерелерінің қызығын көріп отыр. Біз орта білімді Қызылорда қаласының №15 мектеп-гимназиясынан алсақ, кейін жоғары оқу орынында өзіміздің таңдаған мамандықтарымыз бойынша Қазақстан Республикасының Нұр-Сұлтан, Алматы және Ақтөбе қалаларында жоғары білімді алдық. Міне сол алған білімдеріміз арқылы қазіргі таңда өз мамандықтарымыз бойынша «Ұлы дала еліне» ата-анамыздың берген тәлім-тәрбиесі арқасында адал қызмет атқарып жүрміз.

Жоғары оқу орындарында білім алу барысында анамыз өзінің балапандарының арасында Қазақстан Республикасының солтүстік астанадан — оңтүстік астанаға, одан соң батыс бағыттарында жиі сапармен жүріп, аналық қамқорлығын білдіріп, әрдайым әкеміздің беріп жіберген сыйсыяпаттарын, сарқыттарын жеткізіп, маңдайымыздан бір иіскеп кетуге әлсін-әлсін келіп отыратын.

Еліміздің тыныштығын сақтауда Отан алдындағы қызметімді атқарып жүрмін, осы хат арқылы сәлемдемемді анама жолдағым келіп отыр: Анашым, Сіздің бізге берген тәрбиеніз бен үлгі-өнегеніздің арқасында біз жақсы азамат болып өстік, өздеріңіз секілді біз де ұл-қыз тәрбиелеп отырмыз. Сіздердің біздің бойымызда қажетті қасиеттерді қалыптастырудағы әрбір еңбектеріңіз біз үшін аса қымбат. Сол берілген тәлім-тәрбиелеріңіз арқылы қазіргі уақытта Сіздердің немерелеріңізді тәрбиелеп отырмыз.

Асыл анам... міне бүгінгі күні Алматы

қаласына келіп, өзіңіздің сара жолыңызды жалғастыруға, алға қойған асқақ армандарыма жету үшін білімімді жетілдірудемін. Сіздің үмітіңізді ақтап, өзімнің таңдаған мамандығым бойынша көп жетістіктерге жетемін деп өз-өзіме серт еттім. Сіз маған әрдайым тіреу болдыңыз. Қиындықтарға төтеп беруге, жақсылыққа ұмтылуға, жамандықтан аулақ болуға үйреттіңіз. Осы үшін мен сізге қанша алғыс айтсам да артық болмас сірә, Анашым... Мен әрдайым өзіңізге қарап бой түзеймін. Сізге қызыға да таңырқай қараймын. Сіздің көшбасшылық, шешендік, тапқырлық, шыдамдылық, ержүрек қасиеттеріңізге таңқалмау мүмкін емес. Ардақты анам... Сіз маған өмірде шүкірлікке, азға — қанағат, барға — тәуба, жоққа — сабыр етуді үйреттіңіз. Сіз менің қателіктерімді кешіре және дер кезінде дұрыс жол көрсете, еркелігімді көтере білдіңіз. Аяулы анам, менің сізден аларым әлі де көп. Менің әскери мамандықты игеру жолында маған айтқан әрбір сөзіңіз, үмітпен қараған көздеріңіз мені алға жетелеп келеді. **Өзіңізбен бір күн сырласпсам, бала жүрегім сізді сағынып тұрады.** Аяулы анам... Мен үшін әлемдегі ең ұлы тұлға Сізсіз. Жаратқанымның қолдауымен сіздің балаларыңызға, немерелеріңізге деген махаббатқа толы жүрегіңіз, мөлдіреген көзіңіз жыламаса екен деп тілеймін... Анашым... Мен ешқашан жаман жолға түспеймін, себебі мен Сіздей алтын АНАНЫҢ атына кір келтірмеймін.

Хатымды аяқтай келе, мына өлең шумақтарымен аяқтағым келіп тұр:

Ақ сүтін беріп өсірген, бұзық болсам — кешірген,

Тілін алсам — айналған, күнәм болса — өшірген,

Ақ анашым, анашым, саған тәнті бала шын!

Мөлдір, кәусәр бұлақсың, мен сүрінсем — жылапсың,

Шыңға шықсам — қуанып, мен құласам — құлапсың,

Ақ анашым, анашым, сендей бар ма жанашыр?



Әжеге сағыныш хат



**Нұрбек Муратұлы
СЕРІК,
№146 мектеп-лицейінің
7-сынып оқушысы.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Әже қазақ отбасында алар орны әрқашан да қадірлі және ерекше жан. Әже — отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, тәрбиелеуші. Ең бастысы менің қорғаушым — ол менің асыл әжем. Әжемнің аты-жөні — Орманова Мария Айтбайқызы.

Менің әжемнің бұл дүниедегі махаббаты мол, жүрегі таза жан. Әжем жайлы ойынды, айтып тауыса алу мүмкін емес. Себебі, мен әжемді қатты жақсы көремін. Мен әжемнің немерелерінің ішіндегі тұңғышымын. Әжем мені «Төлбасым» деп атайды. Мектептен демалысқа шыққанда дереу әжеме баруға асығамын. Өйткені әжем маған әрдайым қазақ халқының асыл мұралары ертегі-аңыздар айтып, мақал-мәтелдер жаттатып, менің бойыма қажетті жағымды қасиеттерді қалыптастырып, жағымсыз қасиеттерден арылуды, ақпен қараны ажырата білуге, отансүйгіштікке, ержүректілікке, адамгершілікке үйретуде. Соның мысалдары ретінде батырлық жырлар «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Едіге батыр», «Бекет батыр» және өзімнің арғы жеті атамыздан шыққан «Сәрке батыр», «Бұқарбай батыр» ерліктері арқылы ерлік және батылдық тәлім-тәрбиесін бойыма сіңіруде. Осы қазақ ертегілері арқылы бойыма сіңір-

ген қажетті қасиеттердің арқасында «Қазақ елі — Мәңгілік еліме» қызмет етіп, алдыма қойған мақсатына жетемін, - деп армандаймын.

Мейірімді де сүйкімді әжемнің 60 жылдық мерейтойына байланысты сағыныш хатымды жолдаймын. Әкемнің қызметіне байланысты қазіргі уақытта Алматы қаласындағы №146 мектеп-лицейінің 7 «ә» сынып оқушысымын. 2021 жылғы 8 қазан күні біздің отбасымызға Әлинұр деген батыр дүниеге келді, қарындасым Адина екеуіміз кішкентай балапанды өсіруде анам Әселдің қол қанаты болып жүрміз.

Алтын әжем, сіздің жылда туған күніңізді отбасымызбен аға-женге, бауырларыммен бірге ерекше жерлерге барып өткізетін едік, сол бір керемет сәттерден суреттерді ұсынуды жөн көрдім.

Әжеме деген сағыныш хатымды аяқтай келе келесі өлең шумақтарын арнаймын:

Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз.
60 та өмір белесі,
Қартайдым мен демеші.
Туған күнде жыл сайын,
Қуанышқа бөлесі!

Әжетай, 60 жас мерей тойыңыз
құтты болсын.
Нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Тіршіліктің қызығына бөленіп,
Аман-есен ортамызда жүріңіз!



Үлкен жүректі, парасатты жан



**Гүлнара Изатқызы
ҚҰРМАНӘЛИЕВА,
ҚР Білім беру ісінің
үздігі, зейнеткер ұстаз.
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.**

Әрбір адам артына бұрылып, бір сәт өз өмір жолына көз жіберер болса, сол жолда кездескен талай қызықты да қиын сәттері еске түсер еді. Әрине, өмір болғасын адам жақсыға да, жаманға да кездеседі. Бірақ мен саралап отырсам, менің өмірімде жақсы адамдар көп болыпты. Біздің халық даналығында «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме? Менің бүгінгі әңгімеге арқау етер жан да мен үшін сондай жақсы адам.

Біздің таныстығымыз сонау 70-жылдардың соңында студенттік кезімізден бастау алған-ды. Ол кезде Қызылордадағы пединституттың филология факультетінің 3-курсында оқитынбыз. Күзде сабақтың енді басталған кезі. Пединституттың 1-жатақхана-сында бізбен көрші бөлмеге биыл 1-курска түскен студент қыздар орналасыпты. Біздің досымыз Райхан: - Көрші бөлмеге бір жақсы, ибалы қыздар келіпті, - деп келді.

Туған үйден алыстап, өмірге енді араласа бастаған көрші қыздар бізді өз апаларындай жақын көрді ме екен, әйтеуір сол қыздармен жақсы араласып кеттік. Сол қыздардың ішінде ақсары, дөнгелек жүзді, көзі үлкен, қалың бұрымы беліне түскен бір қыз ерекше көрінетін. Ол кезде ондай бұрымды аруларды ілуде бір көргесін бе, оның сол қалың бұрымы есімде қалып қойыпты. Кейін араласа келе, сол бұрымды ару өзінің қарапайым, сыпайы мінезімен адамды еріксіз баурап алған Мария Айтбайқызы екенін білдім.

Сол кездің өзінде факультеттің мәдени секторы, группасының старостасы, жауапкершілігі мықты, әр іске қабілеті бар тындырымды студенттің кураторы филология ғылымдарының кандидаты доцент Айнаш Шамшатова апай: «Менің Мариям — бір төбе, қалғандары — бір төбе» - деп, риза болып отыратын.

Біз оқуды бітіріп, әр тарапқа жол тарттық.

Сол кездегі облыстық педагогикалық басылым беттерінде жарияланған Марияның шығармашылық жұмыстарын көрген кезде, сол бұрымды ару көз алдымда тұратын.

Жаңа мыңжылдықтың басында Мариямен кездесудің сәті түсті. Облыстық білім жетілдіру институтының (сол жылдары осылай аталатын) қазақ тілі кабинетіне меңгерушілікке келген кезі екен. Мен көрген сол бұрым желкесіне тоқпақтай боп түйіліп, баяғы жас қыз байсалды, сабырлы ұстаз болыпты. Сол кездесуіміз кейін әріптестікке, одан та-мыры терең туыс-достыққа ұласты.

Біздің етене араласып, бірлесіп жұмыс жасауымызға ықпал еткен Марияның сол кезде оқу үрдісінде енді еніп жатқан халықаралық Д. Сорос қоры ұйымдастырған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша грант жеңіп алғаны еді. Облысымыздың білім саласындағы грант иегерлерінің алғашқы қарлығашы болды. Облыстық «Сыр бойы» газетінің 1998 жылдың жыл шежіресі айдарына есімі енді. Жаңалыққа жаны құмар әдіскер өзінің алғашқы тобына тыңдаушы етіп мені де қабылдады. Әр семинардан соң оқып-үйренгенімізді сабағымызда қолданып, мұғалімдерге көрсетіп жүрдік. Мектеп директоры К. Сағындықова қызығушылық танытып, ісіміздің алға жылжуына көп көмектесті. Екі семинардан кейін тренеріміз Мария Айтбайқызы қасына бірнеше Қазалы ауданы тыңдаушыларын ертіп, менің жүргізіп жатқан жұмысымды көруге Арал қаласындағы №13 орта мектепке ат басын тіреді.

Семинарға аудандық білім бөлімі арқылы мектептерден мұғалімдер шақырдық. Мен 9-сыныпқа қазақ тілінен, 5-сыныпқа әдебиеттен сабақ өткіздім. Сабақ жоғары деңгейінде өтті. Оқушылар өз бетінше жұмыс жасады, өз ойларын еркін, ашық айтты. Талдау кезінде сабақтың қызықты, өзгеше өткенін бәрі де айтқанымен, жаналыққа тосырқай қараушылық, сенбеушілік болмай қалмады. Мені оқушыларды алдын ала дайындап қойды деп күмәнмен қарады ма, кейбір мұғалімдер Марияның өзінің осы бағдарлама аясында сабақ өткізуін сұрады. Мария асып-сасқан жоқ, сол сабырлы қалпынан таймай,



«Жарайды!» - деп келісіп, 5-сыныпқа жана тақырып бойынша сабақ өткізді.

Сабақ үстінде оқушылардың танымайтын мұғаліммен қалай белсенділік танытып, жұмыс жасағанын көргенде, бәрі де Марияның керемет ұстаз екенін мойындаған болатын. Сөйтіп ол өзінің білімділігі мен біліктілігін, жақсы ұйымдастырушы әдіскер, қарапайым мұғалім екенін тағы да бір дәлелдеп еді. Осыдан кейін ауданда бұл бағдарлама бойынша қаншама мұғалімдер жұмыс жасады десенші! Қаншама жас мұғалімдерді өз бауырындай көріп, қамқорлық жасап, тәлім-тәрбие беріп, оларда жылт еткен жаңалық болса, оны жариялап, олардың дәрежесінің өсуіне үлес қосты. Менің де тренерлікке көтерілуім әдіскер ұстазымның менің қабілетімді танып бағалауы болатын.

Мария Айтбайқызымен республика көлеміндегі болған қаншама семинар, конференцияларға қатысып, ел-жер көрдік, қанша адамдармен араласып, тәжірибе алмастық. Менің сонда байқағаным — Марияның көпшілігі, кіммен болса да тез тіл табысып кететіндігі, қолынан келгенше, барлығына көмектескісі келіп тұратындығы. Және де өз іскерлігі арқылы ол басқа облыс тренерлерлерінің арасында ерекше беделді көрінетін.

Қай жерге барсақ та, Марияны бәрі туысындай құшақ жая қарсы алатын.

Мария келсе, менің де керегем кеңіп, жан сарайым ашылып сала беретін. Айтқан әңгімесін тыңдай бергім келетін. Екеуміз достарша сырласып, апалы-сіңілідей ақылдасатынбыз. Бір-біріміздің жақсылығымызға араласып, қуанышымызды бөлістік. Қолынан талай дәм таттық.

Мария Айтбайқызы — тек ұлағатты ұстаз ғана емес, сонымен қатар өз бауырларының басшысы, қамқоршы жанашыры, отбасының ұйытқысы, Серіктің адал жары, балаларының ардақты анасы, немерелерінің асыл әжесі. Отбасы мен білім саласындағы сан салалы істің басында жүрсе де оның сыпайы, сабырлы қалпынан танбайтындығын, осынша нәрсені жүрегіне сыйғыза білгендігін мен үлкен жүректі парасатты жан деп бағаладым, осындай жанмен жолдас болғаным мақтандым, қуандым.

Бүгінде Мария асқаралы алпыс жасқа толып отыр. Арада өткен жылдар өз ізін салса да, бірақ әлі сол мен көрген Мария еш өзгермеген. Сол әдемі қалып, сол үнемі жанына шуақ шашып жүретін үлкен жүректі парасатты жан.

Бір бағытты ұстанымды достар



**Бағдат Ақжігітқызы
ОРИМБАС,
№268 орта мектеп
директорының
орынбасары,
ҚР Білім беру ісінің
Құрметті қызметкері,
Ы. Алтынсарин
төсбелгісінің иегері.
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.**

Өмір жолында бағыты басқа болғанмен, көңілі мен пейілі ортақ, көзқарасы мен пікірі үндес жандар қаншама?! Халқымызда «Досынды әкеп көрсет, сонда сенің кім екенінді айтамын» деген нақыл бар. Міне, көп жылдан бері ойымыз бен ниетіміз жарасым тауып, тіпті отбасымызда достығымыз жалғасқан құрбым Мария туралы қандай жақ-

сы сөз айтсам да жарасып тұрғандай. Бізді табыстырған — осы ұстаздық атты ұлы жол. Ұлы даңғылдан адаспай жол табу кез келгеннің пешенесіне жазылмаса керек-ті. Ал, Мария сол ұлылықты діттеген ғұмырында асқақ армандарына межелі міндеттер қою арқылы мамандығын мұрат етіп, мағыналы өмір сүрген бақытты Ұстаз-Ана.

Әдістемелік қызметті білім беру саласының қайнап жатқан қазаны десек, сол қызметте жиырма бес жылға таяу бірге келеміз. 2000 жылдан «Оқу мен жазу арқылы Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасын гранттық жоба арқылы облыс көлеміндегі ұстаздарға таныстырудың алғашқы қарлығашы. Бұл бағдарламаны жүргізуде қаншама қолдаулар мен қатар аяқтан салушылар да табылды. Дегенмен, бағдарламаның облыстың барлық ұстаздар қауымынан қолдау табуы — Мария құрбымның басты жетістік-



терінің бірегейі болғаны анық. Бүгінде қаншама ұстаз жоғары деңгейдегі марапаттарды иеленіп, басшылық қызметке еңбектері арқылы қол жеткізді. Сыни ойлаудың қыр-сырын меңгерткен Марияның қайсарлығының жемісі, ұстаздық жолындағы жеңісі.

Бағдарламаның философиясын терең түсіну арқылы кәсіби маман-әріптес ретінде мен де барымды салдым. Сыни ойлауды дамытуға өзіндік үлесімді қоссам деген ниетпен Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі қала мен облыс орталықтарында болып, сабақ кезінде сыни ойлаудың оқушылардың шығармашылығын дамытудағы рөлі туралы, тәжірибеде қолданған кезімдегі жеткен жетістіктерім туралы конференцияларда баяндама жасады. Қазалы ауданының жүректері шәкірттерім деп соққан мұғалімдеріне ой сала отырып, шығармашылық шындалуларына бағыт-бағдар бере алдым. Дос ретінде де, әріптес ретінде де мұғалімдердің біліктілігін арттыру жолындағы әдістемелік жұмыстардың қыр-сырымен бөлістік, идеялар туды, оларды бірлесе жүзеге асырдық деп айта аламын. Бүгінде қаншама ұстаздар алғысына бөленсек, онда біздің достығымыздың да жарасымдылық ізі бар.

Мария тіл мен әдебиет бағытында, тілші, әдебиетші мамандармен жұмыс жасап, олардың ортасында пікірлескенін көргенде, менің де көкейімде әдебиетке деген қызығушылық басым болатын. Оған себеп, Марияның өз саласын жетік меңгеруі еді. Тренер ретінде де, ұстаз әрі әріптес ретінде де мамандығының мықты майталмандарымен әр тақырыпта сөз қозғап, сонау ауыз әдебиетінен бастап, Абай, Ыбырай-

ларды қамтып, одан бергі Мұқағали, Мұқтарларды сөз еткенде, менің де әдебиеттен алыс емес, тарихшы болғанымға мақтанамын. Білім саласының мықты майталмандары марқұм Ә. Мүсілімов, С. Жүнісов, М. Қожахметов, т.б. пайым-парасаты жоғары, ұрпаққа берері мол ұстаз-ағалармен етене араласып, тәрбиесін көріп, солардың ұлағатты сөздерін тыңдап, білім теңізінен маржан сүзген, осындай ұстаздардың алдынан өткен Мария қалай осал болмақ? Әрине, сондықтан біз де солардай болуға ұқсап бағуға тырыстық. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы, деп халқымыз бекер айтпаса керек-ті.

Мария ұстаз ғана емес, аяулы жар, 3 бала, 5 немере тәрбиелеген ардақты Ана. Құрбымның біліктілік арттыру курстарында тренерлік ете жүріп мықты тәлімгер де, қарапайым әріптес те, тіпті сол мұғалімдердің қолдау білдіруші жанашыр жақыны да бола білгені мұғалімдердің аузында аңыздай айтылып жүр. Ол отбасылық құндылықтарды бәрінен жоғары қойды, курс сабақтарында біліктілікпен қатар ұлттық құндылықтарды да қоса алып жүрді. Кейбір отбасындағы өзара түсініспеушіліктен күлдіреуіштері босаңсыған тыңдаушыларымен оңаша сырласып, шаңырақтарының шайқалмауына да ықпал етті.

Сонымен қатар, Мария — адал дос, қамқор құрбы. Досымның маған білдірген демеуі — мені мақсаттарға жетеледі. Досымның әр сөзі — маған мотивация береді. Біздің достығымыз отбасылық достыққа ұласты. Менің қызымның кіндік анасы, тұсауын өзі кескен Марияның балаларының да қуаныштарының куәгері болып келемін.

Марияның анасы көп жыл ұстаздық еткен, соның әсері болар құрбымның отбасы — ұстаздар династиясы деп айта аламын. Бауырларының да анасының жолын жалғап, ұстаздың атын кірлетпей ұстап келе жатқаны — осының дәлелі. Ұлағатты ұстаз, аяулы ана, адал жар, айнымас дос жайлы қанша жақсы сөз жаудырсам да артықтық етпесі анық. Бір басында өрлік те бар, ерлік те бар, қайтпас қайсарлық пен әйелге тән нәзіктік те бар Мария досымның зейнетке шыққан мерейтойында жолдасы Серікпен мағыналы ғұмыр, қазыналы кемеңгерлік тілеймін.





Өткен күндер өрнектері



Алтынкүл
МОМЫНҚҰЛОВА,
А. Байтұрсынұлы
атындағы №48
мектеп-лицей мұғалімі.
Нұр-сұлтан қаласы.

Өткендер күндер... Бәрі де есімде. Ұмытылмас кезең екен. Сайдың тасындай әр өңірден жиналған білуге құштар ұстаздар шоғыры Алматыда бас қостық. Содан бері де жиырма жылдан астам уақыт өтіпті. Білім саласында оқушылар үшін қолайлы орта құру сол кезеңде маңызды еді. Сыни ойлау жобасының философиясы да сол болды. Ең маңыздысы, сол қолайлы ортаны өзіміздің құра білуіміз болды. Біз құрған ортаның әлі күнге дейін қаймағы бұзылмай келе жатуы да тегін емес.

Әр кездесуді асыға күтетінбіз. Үйрену семинарлары, конференциялар, тәжірибелік алаңдар бізді дамытты. Алғашқылар, бастаушылар болған соң көп кері әсер етуші жағдайлар да болды. Біз оған мойымадық. Кездесуге, дамуға асықтық. «Сыни ойлау» жобасының білім саласындағы алғашқы қарлығаштары болдық.

Өткен күндер өрнектерін еске алайық.

Таразда өткен Ұлттық конференциясы... Ең соңғы күні конференция залында бүкіл ұстаздар қауымы Мұхар екеуімізге алғыс айтып, ұзақ ду қол шапалақтады. Әр тілде «Рахмет» деп жазылған ашық хат тапсырды. Сол кезде біз өзімізді әлемдегі ең бақытты жандай сезіндік.

Аймақтық тәжірибе алаңына Таразға Аршагүл, Мария келген. Сол күні таксист болған жігіт біздің үйді таппай бір сағаттай айналып жүрген ғой. Содан зорға тауып келген. Шұрқырап кездестік. Тараздың тамылжыған ауасымен тыныстап,

баяғы жастық шақты еске алған мұңсыз күндерді еске алдық.

Ертеңіне өткен сабаққа рефлексия жасаған кезде басқаларға қарағанда деңгейіміздің дамығанын түсіндім. Иә, біз басқаша талдадық. Сыныптағы қалып, оқушылардың үздіксіз үні естілуі, еркіндігі, өзіндік пікірі — біз үшін маңызды болды.

Сапаргүл бастаған Әлия мен Зейнегүлдердің ұйымдастырушылық шеберлігі естен кетпес. Аршагүл мен Асхаттың әзілі, Марияның «Ал, қыздар», — деп бастайтын жарқын күлкісі, Ботагүлдің жымыып барып, сөз бастауы ойға оралады. Ең алғашқы мекеніміз болған «Алатау» шипажайы керемет еді! Жан-жағы жап-жасыл, әсем көрініске көз тоймайтын асыл мекен. Бізге пана болған, дана болуға жәрдем берген киелі жер болды. Өзімді осы жобаға қатысу бакыты бұйырғанына тағдырыма ризамын.

Әр өңірдің шебер ұстаздарымен бірлесе отырып «Сыни ойлау» жобасы біздің әрқырымыздан ашылып, дамуымызға жәрдем берді. Соның нәтижесінде, «Отбасылық сауаттылық» жобасы өмірге келді. Менің жеке отбасымдағы балаларымның өзекті мәселесін шешу үшін өмірге келген идея еді. Кейін ұстаздар, ата-аналардың қолдауымен үлкен қозғалысқа айналды. Әр ата-ананың өз ұрпағының алдындағы баға жетпес құндылықтарын жаңғыртып, кітап оқу арқылы отбасылық сауаттылықты сақтап қалудың негізі болды.

Қызылордадан келген Марияның мол тәжірибесі, ақжарқын мінезі, кісілігі бәрімізге ұнайтын. Ол үнемі күлімдеп жүреді. Сол мінезімен жан-жағына шуақ шашып, жайлы атмосфера орнатады. Оның қасында тұрып қабақ шыту мүмкін емес. Мария жайлы орта құрудың генераторы десекте жарасады. «Асыл адам айнымас» деген рас екен, Мария әлі де сол мінезінен айныған емес.

Марияның денсаулығы мықты болып, ұзақ жыл еңбегінің жемісін жеп, ұрпағының қызығын көруді нәсіп етсін!



Жадымда тұрар жаңғырып...



**Лаззат МИКЕЕВА,
№10 дарынды балаларға
арналған облыстық
«Білім-инновация»
лицей-интернаты
директорының
оқу ісі жөніндегі
орынбасары.
Қызылорда қаласы.**

Білім беру саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырып, айналасына білімнің шамшырағын жағып жүрген, «дария-кеуде, тау-мүсін» тұлғалар аз емес. Солардың бірі де бірегейі — Орманова Мария Айтбайқызы!

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген дана халқымыздың ұлағатты сөздері осындай тұлғаларға қатысты айтылса керек?! Атақ пен даңқ, құрмет пен ілтипат лайықты адамға беріледі. Мария Айтбайқызының ұстаздық жолындағы қажырлы еңбегі жас буынға, ұстаздар қауымына үлгі-өнеге, тағылым мектебі болмақ.

Хакім Абай бір сөзінде: «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап...», - деген екен. Мария Айтбайқызы ұлы ойшылдың осы сөзінің сырына терең үңілген тәрізді. Өз-өзіне деген сенімділігі, сөзі мен ісіндегі үйлесімділік соны аңғартқандай.

Мария Айтбайқызының облысымыздағы іргелі оқу ордасы №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының тарихында өзіндік орны бар.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында туыстас екі елдің көшбасшылары Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалдың келісімінің арқасында елімізде халықаралық деңгейдегі білім ордалары болып саналатын қазақ-түрік лицейлері ашыла бастады.

Солардың қатарында «Ақмешіт» қазақ-түрік қыздар лицейі 1994 жылдың 12 шілдесінде Қызылорда қаласының әкімшілігі мен Түркия елінің «Шелале» фирмасының арасындағы келісім хаттамаға сәйкес ашылды. Лицей директоры ретінде Түркия азаматы Туран Гунери тағайындалды. Түрік азаматына қолдау көрсетіп, жаңадан ашылып жатқан білім ордасының оқу-тәрбие жұмыстарын үйлестіре алатын, материалдық техникалық базасын қалыптастыру мақса-

тында жұмыс жасай алатын білікті орынбасар қажет болды. Бұл білім ордасы халықаралық деңгейдегі мектеп болуымен де ерекшеленіп, өзіндік салмағы бар еді. Түрік азаматтарымен өзара ынтымақтастықта жұмыс істей алатын, парасат-пайымы жоғары, елдік мүддені ойлайтын азаматты іздегенде, таңдау Мария Айтбайқызына түсті. Жаны нәзік әйел заты демесеңіз, көш бастайтындай тұлға болатын.

Көшбасшы болу жай ғана ел алдына шығып сөйлеу емес. Көшбасшы соңынан халықты ерте алатын, жеке басының емес, көптің мүддесін ойлайтын, игілікті істің басы-қасында жүретін, тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленетін жан болуы қажет. Осы аталған қасиеттердің барлығы Мария Айтбайқызының бойынан табылатын еді. Таңдау дұрыс жасалды.

Мария Айтбайқызы жаңадан ашылған білім ордасының еңсесін тіктеп, аяғынан тік тұрып кетуіне барын салды. Лицей-интернатқа алғашында 50 оқушы қабылданып, «Шұғыла» мөлтек ауданындағы №43 балабақша ғимараты берілді. 1995 жылы лицей-интернат қала орталығындағы «Раушан» балабақшасының ғимаратына көшірілді. Балабақша ғимаратын оқу ғимараты әрі жатақхана ретінде жабдықтау оңайға соқпағаны белгілі.

Халық жақсыны да, жаманды да елеп-екшеп, бағасын беріп, төрелік жасап отырады. Елдің алғысын алу оңай шаруа емес, ол үшін уақытпен санаспай еңбек етіп, игілік жолында қолдан келгенді жасау керек. Мария Айтбайқызы оны жақсы білді. Өзіне артылып отырған жауапкершіліктің де салмағын бағамдай білді. Қазақстанға алғаш келіп отырған түрік азаматтарының ортаға бейімделіп, сіңісіп кетуіне де атсалысты. Біріне туған әпкесіндей бауырмалдық танытса, біріне аналық махаббатпен қарады. Қолынан келгенше барлығының жағдайын жасауға, жатсынбауға, қазақи қонақжайлықтың үлгісін көрсетуге тырысты. Әріптестеріне шынайы құрмет пен қамқорлық таныта білді. Көргені мен түйгені мол ұстаздың әріптестеріне айтар ақылы да, үйретер тәлімі де мол еді.

Тәрбиеленуші қыздарды ұстамды, салмақты болуға шақырды. Тәрбиеленуші қыздарға бір ұлттың айнасы екенін ұғындырды. Соларға қарап қазақ ұлты, оның тәрбиесі туралы түсініктері қалыптасатынын түсіндірді. Шетел азаматтарының санасында намысты, рухты, өр мінезді қазақ қыздарының бейнесін қалыптастыруды мақсат етті. Қыз бала тәрбиесіне аса жауапты-



лықпен қарады. Бір отбасының ұйытқысы болар жандардың бойында ибалық пен ізеттілік, іскерлік пен шеберлік қасиеттерді қалыптастыруды көздеді. «Қызға сынақ — біз ұстап, кесте тігу» деген халық даналығына ден қоя отырып, «Қолөнер», «Тігін» үйірмелерін ұйымдастырды.

Күн-түн демей қыздардың жанында болып, барлық тәрбиелік іс-шараларына қатысты. Тәрбиелік шаралардың патриоттық рухта, мазмұнды өтуіне бақылау жасады.

Лицейде 4 тілде білім берілетіндіктен, оқу бағдарламалары да күрделі болатын. Талғамы мен талабы биік ұстаз шәкірттерін қиындыққа төтеп беруге үйретіп, жігерлендіріп отырған. Өмірде әрбір қадамыңды нық басу үшін білім қажет екенін ұғындырған. Абайша айтқанда, адамзат баласы бір-бірінен тек қана ақыл-парасаты, білім-ғылымы арқылы ғана оза алатынын саналарына сіңірген.

Адам өмірінің өлшемі — өмір сүрген күнде-

рімен, жылдарымен емес, ғұмырындағы мәнді тірлігімен, елге тигізген пайдасымен, өнегелі істерімен өлшенетіні анық. Бұл тұрғыда ұлағатты ұстаздың мәртебесі биік, мерейі үстем деуге болады. Себебі еңбегі еш кетпеді. Лицей түлектері ұстаздарын ерекше құрметпен еске алады. Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет.

Мария Айтбайқызы — сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білетін, мінезі мен қамқор пейілінің арқасында көпшіліктің сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген жан! Лицей үшін ұлағатты ұстаздың жолы да, жөні де бөлек!

Лицей ұжымы Мария Айтбайқызын 60 жас мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, шығармашылық шабыт тілейді. Елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын табады деп сенеміз.

Мы первые ласточки



**Алия Нурлановна
МУСАЕВА,
журналист,
SSV менеджер.
г. Кызылорда.**

Это были первые годы независимости нашей страны. Одной из первых ее признала Турецкая Республика. По всей Центральной Азии и в Казахстане стали открываться турецкие лицеи. Наш лицей расположился в здании бывшего детского сада в мкр. «Шугыла». Тогда в коммунальном хозяйстве города творился бардак. Очень часто отключали водоснабжение, электричество и отопление. Это очень мешало нашему учебному процессу. Именно в год открытия лицея зима была очень суровой. На занятиях мы были вынуждены сидеть в верхней одежде, из-за рта шел пар, двери, и окна в лицее покрывались толстым слоем льда. Из-за отсутствия электричества домашнюю работу мы выполняли с свечками. Особенно мне запомнились уроки по казахскому языку. До поступления в лицей, я плохо владела казахским языком. Его нам преподавала Орманова Мария. Она настолько была строгой, что от одного ее взгляда, бегали мурашки по коже. Так вот то ли от страха, то ли из чувства патриотизма я сама не заметила, как заговорила на казахском языке, наизусть читала стихи Абая, Шакарима, Султанмурата Торайгырова, Ахме-

та Байтурсынова и т.д. Кстати, эти произведения настолько сильно запечатались в моей памяти, что до сих пор помню их.

Мария ханум была очень требовательной учительницей, по мимо знаний, она научила нас добру, справедливости, нести в мир позитив. Именно поэтому мы помним учителей всю свою сознательную жизнь, вспоминаем с теплом, трепетом в душе. Не каждый учитель может добиться на своем уроке идеальной тишины. Заинтересовать темой разговора всех учеников одновременно, чтобы они смогли уловить верную мысль рассказчика и вынести для себя выводы с этого разговора. Мария Орманова была именно таким преподавателем, на ее уроках было всегда интересно и познавательно. Мы с замиранием сердца слушали ее уроки, она смогла привить нам любовь к казахскому языку, благодаря чему мы владеем им на очень высоком уровне. Первыми быть всегда тяжело, но мы справились. Это как будто быть первенцем у молодой пары. Ты появляешься на свет, растешь и развиваешься, делаешь ошибки, спотыкаешься, приобретаешь опыт вместе с родителями. После окончания лицея все мы разлетелись словно ласточки, кто-то построил головокружительную карьеру, кто-то стал бизнесменом, некоторые посвятили себя искусству и творчеству, а кто-то растворился в детях, но кем бы мы не были и где бы мы не находились, мы гордо носим имя ктловца. Пусть пройдут двадцать пять, пятьдесят, сто лет имена наших учителей и воспитателей навсегда останутся в нашей памяти и золотыми буквами будут вписаны в историю нашей страны.



Жасұлан СЕРІК,
№123 мектеп-лицей
мұғалімі.

Жалағаш ауданы,
Қызылорда облысы.

Адамды қашанда ой басқарады...
Бағыңыз таймасын деп бастан әлі,
Көкіректен құйылып құнды сөздер,
Алпысқа да келіпсіз асқаралы.

Қыранындай қалықтап түздің азат,
Ұстаз болып сөздерді тіздің ғажап.

Жалындаған жүрекпен іздене бер,
«Алпысты — тал түс» дейді біздің қазақ.

Болсыншы досың аман, жатың аман,
Өзі дана, жүрегі хәкім адам.
Ойып тұрып орнынды алған жансың,
Өмір деген киелі сахнадан.

Сізсіз қоғам қалайша асылданбақ?
Өлеңменен бағанды асырғанда-ақ.
Сыр елінің бағына біткен жансың,
Кетпесін жүзден күлкі, басыңнан бақ.

Жас ұрпақ еңбегінді таниды әлі,
Тең ұстаған қызмет пен жанұяны.
Елге деп қызмет қылған үлкен жолда,
Сыр елінің ел сүйген Мәриямы.

Алты ұрпаққа жететіндей мұрасы



Талғат ҚАНБАЕВ,
Т. Жүргенов атындағы
№136 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

Қалды артта балалық шақ — көктемгі із,
Жаз да өтті, келді мәуе төккен күз.
Шында тұрып белестерге қарайды,
Бүгін дана, ал кешегі көктем-қыз.

Иә, ізде жатыр сүрлеу, соқпақ, жол даң-
ғыл,
Кейде қарлы, кей кездері толған нұр.
Өкініші қуанышпен астасып,
Кейде реніш, ал кей сәтте болған жыр.

Елге білім берем деген тілекпен,
Иә, бұл жолда мазасыз күн, түн өткен.
Даңғыл жолға айналдырып сүрлеуді,
Осы жолда сан ұстазды түлеткен.



Бәйтерекке айналғанша әр шыбық,
Қанша түндер өтті терге малшынып.
Осы жолда түлеп ұшты сан қыран,
Осы жолда жағылды екен қанша үміт.

Мол болған соң алары мен берері,
Өткен күннің таусылмайды дерегі.
Тәлім алды осы жолда қанша ұстаз,
Қаншама ұстаз осы жолмен келеді.

Тәтті қиял үмітпенен ұшталған,
Осы жолдан қияларға ұшты арман.
Бағдар алып келеді әлі ұстаздар,
Жаңартылған жаңа жолда сіз салған...

Сан тараулы соқпақ, белес, тартыста,
Өнегелі белгі тастап әр тұсқа.
Алты ұрпаққа жететіндей мұрамен,
Толып отыр апай бүгін алпысқа.

Ешқашан да жасамайтын кеңес құр,
Иә, даралар уақытқа емес құл.
Мария апайға алпыс демалыс емес,
Тек өткенді саралайтын белес — бұл.



Менің таңдауым – ҚазҰУ

Магистр дәрежесін алу үшін университетті таңдау кезінде менің таңдауым Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті болды. Себебі QS «World University Rankings» халықаралық рейтингінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің үздік университеттерінің арасында 175-орынды бағындырды және бұл көрсеткіш жылдан жылға жақсарып келеді. Бағыма орай мен осы жылы білім мен ғылымның ордасы, киелі қара шаңырақ – ҚазҰУ-дың магистранты атандым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны және Орталық Азияның жетекші университеттерінің бірі. Университет Халықаралық университеттер қауымдастығы, Еуропалық инженерлік білім беру қоғамы, Халықаралық техникалық тәжірибе алмасу қауымдастығы, сонымен қатар Үнді-Американдық инженерлік білім беру ынтымақтастығы сияқты халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады. Университет әлемнің түрлі елдерінде, мысалы, Шахид Бехешти университетінде (Иран), Цукуба университетінде (Жапония), Бейжің шетелдік зерттеулер университетінде және Шанхай шетелдік зерттеулер университетінде (ҚХР), Ыстамбұл университетінде (Түркия), Иордан университетінде (Иордания), Росток университетінде (Германия), Карачи университетінде (Пәкістан), Каир университетінде (Египет), Белгород мемлекеттік университетінде (Ресей) және Түркия мен Үндістандағы Әл-Фараби мұражай-үйлерінде «Әл-Фараби» орталықтарын құрды.

Елімізге танымал саясаткерлер, тұлғалар, журналистер мен қоғам қайраткерлерінің көпшілігі – ҚазҰУ түлектері.

ҚазҰУ студенттері үшін оқу және демалу жағынан барлық жағдай жасалған. Студенттер тек оқумен ғана шектеліп қалмайды, жан-жақты тәрбиелеп, тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында әр

түрлі шаралар мен студенттік ұйымдарға мүше болып, қызығушылық клубтар қауымдастығына қатысуға мүмкіндіктері бар. Студенттік ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерді айтып кетсем, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, ҚазҰУ Сенаты, «Көмек», «Саналы ұрпақ». ҚазҰУ қалашығы аумағында Әл-Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, оқу-ғаламтор орталығы, спорттық кешен, теннис корты, футбол алаңы, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медициналық орталығы, жас ғалымдар үйі, жатақханалар орналасқан. Бұл – студенттерге жасалған зор мүмкіндіктер.

Мен өз таңдауыма еш өкінбеймін және осы оқу орнының басты имидждік сипаттамалары - білім беру сапасы, оқытушылардың халықаралық дайындық деңгейі, белсенді және қызықты студенттік өмір деп санаймын. Сонымен қатар ҚазҰУ түлектері жұмысқа орналастыру нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікке ие екеніне сенімдімін. Мұны тәжірибе дәлелдейді.

Атақты жазушы Р. Киплинг былай деп жазды: «Білім – жердегі игіліктердің ең маңыздысы, егер ол жоғары сапада болса. Әйтпесе, бұл мүлде пайдасыз». Бұл тұрғыда ҚазҰУ жоғары сапалы білім алуға және өз ісіңнің кәсіби маманы болуға таңдаулы мүмкіндік береді.

Мархабат Мұратқызы БАЙЫРОВА,
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының магистранты.

Жетекшісі – Біржан Жапсарбекұлы БЕКТІБАЙ,
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті «Жылуфизика және техникалық физика» кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты,
Алматы қаласы.



Тәуелсіздік — қастерлі ұғым



**Айнур Абдикуловна
АХМЕТОВА,
КМҚК «Алматы
полиграфия колледжі»
тарих пәні оқытушысы.
Алматы қаласы.**

Тарихтың тереңіне үңіліп, әрбір тас бетінде қалған таңбаларға қарап, бабаларымыз жасап келе жатқан дәуірлердің есебінде кеткен шайқастар, аштық, жау тылында қалған жұрттың әрбір қаны мен көз жасына қарап тәуелсіздіктің қандай керемет ұғым екенін сезінесіз. Біз бейбіт елдің ұрпағымыз, біз еркін елдің ұлдарымыз. Бірақ бізге дейінгі осынау ұланбайтақ жерді, елді аманаттап келе жатқан батырлар мен ұлы тұлғалардың төккен тері өз алдында бір төбе.

«Кие» деген сөздің өзі үлкен мәнге ие. Оның астарында тоғысып кететін бүкіл бір тағдырдың тауқыметі мен қасиеті жатыр. Сондықтан да еркіндікті аңсап өткен хандарымыз үшін, біз үшін тәуелсіздікке баға жетпейді. Шыңын мәңгі қар басқан биік таулары, сарқырай аққан өзендері, мөлдір сулы көлдері, шет-қиыры көзге көрінбейтін жазық далалары, қойнауында ұлан-асыр кен байлықтары тасып жатқан қуатты өлке, құт-мекеннің мәртебесі жоғары, тұғыры биік. Солай дей отырсақ та, бүгінгі таңдағы әлем мойындаған Қазақстанмен еркіндікті аңсаумен бодандықта болған Қазақстанды салыстыру қиын.

Түп шежіресі сонау ежелгі түркіден бастау алатын «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бағзы заманнан бері қаншама өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, саликалы салтын сақтап қалғаны — еркіндік сүйгіштік жігерінің, асқақ рухының ар-

қасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы — бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті. Дегенмен, бізге бұл оңай жолмен келе қойған жоқ. Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жіберсек, еліміздің ел болып қалыптасуына мыңдаған жылдар кеткеніне көз жеткіземіз. Жерімізге көз тіккен жауыз жоңғарлармен 150 жылға жуық шайқасып, ата-бабамыз қасықтай қаны қалғанша жерімізді қорғап қалды емес пе? Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сияқты батырларымыздың «Қайтсек те жауға бермейміз» деген ұранмен қол бастап, жауынгерлеріміздің рухын көтергені, Отанына деген махаббатын оятқаны бәрімізге аян. Батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі түрлі мемлекеттермен аста-сып жатқан ұлан-ғайыр даланы жат жұртқа бермеу үшін қайтпас қайсар батырларымыз жан аямай күресті. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рух жеңіске алып келді. Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер! Батырлар дүрілдеп өткен жер. Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер, - деп қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев жырлағандай, бұл өлке нені көрмеді десеңізші! Ғасыр ағынымен қанды шайқасты да, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт өмірді де, өзге мемлекеттердің үстемдік етіп, билік жүргізуін де, бірін-бірі жеуге дейін барған аштық заманды да, табиғаттың дүлей күшін де, бәрін-бәрін көрді, келешек ұрпаққа жетуі үшін тасқа қашап, хатқа қаттап, бәрін мәңгі өшпестей сақтап жазды. Қазақ халқының іргесі сөгіліп, бірлігі мен ынтымағы кетпеуі жолында дала заңгерлері Төле би, Қазыбек



би, Әйтеке билер тер төкті. «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірлігі жоғары елді жау алмайды» деген қазақ халқының мақалдары да халқымыздың қашан да жұмыла бірлесіп ел тізгінін өзгеге бермегеніне дәлел бола алды. XX ғасыр да қазақтар үшін өзінің қанды қылышын сүйретіп жетті. Бейбіт өмір орнап, жағдайымыз түзелді-ау деген шақта еліміз Кеңестік биліктің қатал ықпалына түсті. Сонда да тайынбай, еңсесін түсірмей, тәуелсіздік алатынына сенімін жоғалтпаған ержүрек халқымыздың арасынан шыққан зиялы қауым өкілдері биліктің бұрыс жақтарын беттеріне басып, кемшіліктерін әшкерелеп, мемлекеттің еркіндігіне қол жеткізуге әрекет еткені үшін өлім жазасына дейін кесілді. Мұны құлағымен естіп, көзімен көріп отырса да, өзге жастар айтқанынан қайтпай, батыр баба ұрпағы екенін танытып, туған жерін өз жанынан биік қойды. Әлихан Бөкейхановтың: «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады», - деген сөздері қазақтың тәуелсіздікке ұмтылудағы қадамының маңызын ұғындырады.

Қазақстанның ең қастерлі құндылығы — ел тәуелсіздігіне 30 жыл толды.

Қазақстанның өзіндік конституциялық заңнамасын қалыптастырудың басы уақыт жағынан Кеңестер Одағының ыдырауына сәйкес келді. Тәуелсіздікке қарай барар жолдағы алғашқы қадам 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы қабылданды.

1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң Еуразия құрлығының жүрек тұсындағы ежелден ұлы дала атанған ұлан-ғайыр өлкеде жаңа мемлекеттің құрылғандығы паш етілді. Ежелден азат-

тық аңсаған қаһарман халықтың тәуелсіз мемлекеті құрылды. Бұл күн біздің еліміздің тарихына Тәуелсіздік күні болып енді. Қазір біздің мемлекетіміз еркін ғана емес, сонымен қатар демократиялық ел. Тарихымызда алғаш рет, демократиялық негізде Президент Н.Ә. Назарбаев сайланды. Конситуциямыз қабылданып, жаңа мемлекеттік рәміздеріміз бар: елтаңба, әнұран және ту. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қабылданды.

Тәуелсіздік — кез келген адамның, ұлтың, халықтың, елдің еркіндігі. Өзінің алдында дербестігі. Тәуелсіздік — сіздің тыныстап отырған, еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отаныңыз. Әлемде екі жүзге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың өзі тілі, діні, ділі, салты мен дәстүрі, ғұрпы, мәдениеті дамыған. Оған қоса ішкі және сыртқы экономикасы да қалыптасқан.

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі биігінде осы күнді армандаған бабаларымыздың биік мұраттары алдында, жан алысып, жан беріскен алмағайып замандарда азаттық үшін күрескен аталарымыздың өз аманаты алдында, ел бостандығы жолында құрбан болған мәңгі өшпес ерлеріміздің рухына бас иеміз.

Қазақтар өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында тек патша отаршылдары мен кеңестік жүйенің озбырлығына қарсы 200-ден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққан. Тәуелсіздік жолындағы мұндай ұмтылыстардың бәрі ел тарихының ең қастерлі парақтары ретінде әрқашан жадымызда сақталатын болады.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап даму мақсатындағы айқын ұстанымдары, бұл мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіріп, өсу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталды. XVI ғасырдағы француз философы Мишель Монтень айтуынша: «Кез келген халық үшін ең тамаша мемлекеттік құрылым — сол



халықты біртұтас күйінде сақтап қалатыны» - демекші, Қазақстан атқарушы және заң шығарушы биліктің бір-біріне қарсы тұруын шеше білді, сілкіністерді күш қолданусыз бейбіт жолмен орағытып кете алды. Елдегі тұрақтылықты бекітуге және экономикалық өрлеуге ықпал жасайтын тиімді және демократиялық басқару жүйесіне өте алды. Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларды дүниежүзі мемлекеттері мақұлдап отыр. Оны жүзеге асыру жөнінде Қазақстан ТМД елдерінің көбінен едәуір алда. Қазақстан реформалардың көшбасшысы деп танылып, бұрынғы КСРО мемлекеттерінің арасында бірінші болып нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін және инвестициялық дәрежесі жоғары ел болды. Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден басты міндеттерінің бірі — мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар елдің тұрақтылығын сақтау міндеті қойылды.

Біз — ғасырлар бойы әлемдік өркениеттердің тоғысқан жерінде өмір сүрген әулеттердің ұрпақтарымыз.

Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп, дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да, тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты... Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр атамекен жеріміз, отарлық жоя алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды.

Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын

бастауы — біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы таңынан бастап қазіргі кезеңіне дейінгі онды өзгерістер Елбасымыздың тікелей бастамасымен болып жатқаны аян. Бейбітшілік, келісім мен тұрақтылық жағдайында Қазақстан жылдам қарқынмен әлемдегі алдыңғы қатарлы жетекші елдердің қатарына қосылып келеді.

Бүгінде Қазақстан — әлемдік қоғамдастықтағы жауапты да құрметті әріптесі, Орталық Азияның шешуші елі. Қазақстан жаңа бір секірістің, өзінің дамуындағы жаңа кезеннің табалдырығында тұрды. Мемлекет үшін ең бастысы өз дамуының қарқынын сақтауға және әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру міндеттері қойылды. Мемлекет дамуының ең маңызды міндеті қоғам мен мемлекеттің көкейтесті және кең өрісті талаптарына сәйкес келетін әрбір азаматтың әрбір азаматтың тең мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

«Қазақстан — 2030» стратегиясы қабылданып елді 2030 жылға қарай әлемнің дамыған елдерінің қатарына алып шығу мақсаты қойылды. Бұл қоғам алдындағы жауапты міндет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан — 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында ұлы мақсаттарға жетелейтін — «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынды. Барша қазақстандық бұл идеяны үлкен қуанышпен қабылдады. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген сөздері



ата-бабамыздың бойына біткен керемет қасиеттің құндылығы қашан да алға жетелеп, тәуелсіздікке алып келгенін көрсетеді. Тәуелсіздікке 30 жыл толып отыр, осы уақыт ішінде Қазақстан өзін күллі әлемге танытып үлгерді. Аз ғана мерзімде мерзімде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты да көреген саясатының нәтижесі ретінде орнады. Экономикасы дамып, халықтың жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге жетті. Өзге елдермен арадағы қарым-қатынастар реттеліп, халықаралық саудаға шығуға мүмкіндік алды. Жастардың шет елдерде оқуға, сол жерде алған білімін Отанында қолдануға мүмкіндіктері пайда болды. Қазіргі таңда спорттан ұйымдастырылатын олимпиада, спорттық ойындарда қазақстандық бауырларымыз жоғары орындардан көрініп, ел беделін көтеруде, еліміздің әнұраны бүкіл әлем алдында жиі ойнатылып Қазақстан деген мемлекет күннен-күнге әлем үшін жаңа белестерден көрінуде. Елбасымыздың бастауымен Астананың негізі қаланып, бүгін адам танымастай өзгеріске ұшырады, әлемдегі мемлекеттермен келісімшарттар жасалатын, жиналыстар өткізілетін заманауи шаһар қалыптасты. Көпжылдық тарихында толық еркіндігі болмаған еліміз ХХІ ғасыр табалдырығында осылайша тұғыры биік бейбіт мекен ретінде көрініс тапты. Тәуелсіздігіміз жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғанда, осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенделердің тал бесіктен жер бесікке дейін өз қалауынша тіршілік ету бақыты пайда болды емес пе? Сол бақытты жандардың бірі — менің де осындай

мемлекетте тұруым маған жарқын болашақ сыйлап отыр. Заманның ауыртпашылығын көп көрген ата-апам өткен күннен естеліктерін айтқанда көзіме еріксіз жас ұялайды. Қазіргі бейбіт мемлекетте уайым-қайғысыз өмір сүріп жатқанымыз да осы тәуелсіздік арқасы екеніне тағы көз жеткіземін. Өткеннің асылдарының ыстық ықыластары дамыған Еуропаның, АҚШ-тың жоғарғы оқу орындарында білім алып, сонда алған білімімізді туған жерімізде қолдануды біздің алдымыздағы негізгі мақсат етіп қояды. Өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ үшін тәуелсіздіктің маңызы ұшан-теңіз екендігіне сенімім мол. Мен осындай елде туып-өскенімді мақтан тұтамын. Басқалардың қолы жете бермейтін тәуелсіздіктің бізге келгені-үлкен мақтаныш, дәреже, бақыт. Бүгіндері Қазақстан Республикасы тәуелсіз, еңсесі биік, басқа дамыған мемлекеттермен теңдесі тең, керегесі кең егеменді мемлекет болып қалыптасты. Ата-бабамыздан қанмен берілген өжеттік, қайсарлық сияқты қасиеттер болашақ ұрпақты да тек алға, жаңа белестерге жетелейтіні анық. Біздің тірегіміз — тәуелсіздік, тілегіміз — тұрақтылық, білегіміз — бірлік. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарға қол жеткізді.

Тәуелсіздік — ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні — ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы тұғырлы, баянды болсын! Әрқашан күн сөнбесін! Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін!



Сапаны бағалау негізінде балалардың денсаулығын сақтау, шығармашылық және коммуникативтік-тілдік дағдыларын дамыту үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау



**Венера Айтбайқызы
АУБАКИРОВА,
«№20 «Нұршуақ»
балабақша-бөбекжайы»
КМҚК директоры
Өскемен қаласы,
Шығыс Қазақстан
облысы.**

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта — бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді [«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат].

Бірақатар ғалымдардың пікірінше, дамытушы орта тәрбиешілердің балалармен өзара әрекеттесуінің негізі болып табылады (Т.Н. Доронова, Н.А. Короткова, Н.А. Реуцкая, Н.Я. Михайленко).

Ғылыми зерттеулерде «орта» ұғымын анықтауда бірыңғай тәсілдер жоқ. Әр түрлі

терминдер қолданылады: дамытушы пәндік орта (С.Л. Новоселова); пәндік-дамытушы орта (В.А. Петровский); пәндік-кеңістіктік орта (Т.С. Комарова), пәндік-ойын ортасы (Н.Т. Гринявичене және т. б.).

Дамытушы орта жобасы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің әлеуметтік сұранысын ескере отырып жасалады, қарастырылып отырған сатыдағы мемлекеттік стандартқа сүйенеді, аймақтық, ұлттық, мәдени, климаттық жағдайларға қарай нақтыланады.

Орта оның тұлғаға тәрбиелеушілік, оқытушылық, дамытушылық және баланың іс-әрекетіне әсері тұрғысынан қарастырылады. Мектепке дейінгі мекеменің дамытушы ортасына мектепке дейінгі мекемеде қабылданған білім беру бағдарламасының талаптары ерекшелік береді. Ондағы қойылған мақсаттар, міндеттер, ұсынылатын балалармен жұмыс мазмұны, түрлері және әдістері оны тиімді түрде жүзеге асырудың қажетті (өзіне тән) шарттарын анықтайды.

Заттық ортаға қойылатын бастапқы талаптар:

- оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай-ақ учаскені заттық кеңістікке ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал, т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс.

Топта заттық-дамытушы ортаны құру неге байланысты?

Топта заттық-дамытушы ортаны құруда баланың жас ерекшелігіне, даму деңгейіне, тәрбие мазмұнына, іс-әрекет тәжірибесіне, білім беру ұйымының типін ескеру қажет.

Неліктен орта дамытушы деп аталады?



О.А. Комарованың пікірінше, заттық кеңістікті дамыту ортасы — бұл арнайы таңдалған ойыншықтар, ойын жабдықтары, белгілі бір іс-әрекеттерді, ойындарды, жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекеттесуді жүзеге асыру үшін жиһаз бөлшектерін қамтитын ұйымдастырылған кеңістік.

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру мекемесінде пәндік кеңістікті дамыту ортасы төмендегі талаптарға сай болуы керек:

- **Қауіпсіздік** заттық кеңістік ортасының барлық элементтерінің оларды пайдалану сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкестігін болжайды. Материалдар мен жабдықтарды таңдауға қойылатын талаптардың бірі — оны пайдалану кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол тұрақты және берік болуы керек. Ойын жабдықтары жасалған материалдар гигиеналық талаптарға сай болуы керек.

- **Ортаның қанықтылығы** балалардың жас ерекшеліктеріне және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес келуі керек. Қанықтылық ортаны оқыту және тәрбиелеу құралдарымен, ойын материалдарымен, ойын және спорт жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Тәрбиеленушілердің ойын, танымдық, шығармашылық және қозғалыс белсенділігін, олардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ететін материалдар мен жабдықтардың алуан түрлілігін көздейді. Жас балалардың пәндік ортасы әртүрлі материалдармен қозғалыстарды, моториканы, үйлестіруді, пәндік және ойын әрекеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

- **Ортаның трансформациялануы** білім беру жағдайына (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің өзгеруіне) байланысты заттық-кеңістіктік ортаның өзгеру мүмкіндігін болжайды. Орналастырылған рөлдік ойынның ойын кеңістігі жаңа спутниктік ойынның сюжетіне сәйкес өзгереді.

- **Материалдардың жартылай функционалдылығы** пәндік ортаның әр түрлі компоненттерін әр түрлі пайдалану мүмкіндігін болжайды. Полифункционалдылық балалардың әртүрлі іс-әрекеттерінде қатаң бекітілген пайдалану әдісі жоқ заттарды қолдануды қамтиды. Мысалы, алмастырғыш

заттар (дизайнердің бөлшектері, қораптар) бала ойын іс-әрекетінде, табиғи материалдар (күм, жемістер мен тұқымдар) — танымдық, ойын және көркемдік және т. б. белсенді қолданылады.

- **Қоршаған ортаның өзгергіштігі** онда әр түрлі кеңістіктер мен балалардың еркін таңдауын қамтамасыз ететін түрлі ойын материалдары мен жабдықтардың болуын болжайды. Қоршаған ортаның өзгермелілігі дегеніміз-ойын, дизайн, эксперимент, бақылау және зерттеу объектілері үшін орындар мен материалдардың болуы. Балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерінің кенеюіне байланысты ойын материалдарының өзгеруі, ортада олардың ойын, танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыратын жаңа, «бейтаныс» заттардың пайда болуы.

- **Қол жетімділік** — балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін ойындарға, ойын материалдары мен жабдықтарына еркін қол жеткізу мүмкіндігі. Жиһаздың, ойын жабдықтарының, еркін өткелдердің тиісті орналасуы әр балаға материалды еркін қабылдауға және ересектермен немесе тәуелсіз іс-шаралармен бірлесіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ортаны құру кезінде білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын заманауи талаптарды басшылыққа алу қажет. Ұйымдастырылған оқу қызметтері, ойындар, бақылаулар жүргізу үшін педагог тәрбие мен оқыту құралдарының тізбесіне сәйкес топтық үй-жайға балалардың арнайы ұйымдастырылған және регламенттелмеген іс-әрекеттері үшін ойыншықтарды, материалдар мен жабдықтарды таңдайды және орналастырады. Оған психологиялық-педагогикалық, эстетикалық, эргономикалық, санитарлық-гигиеналық, техникалық және экономикалық талаптар мен нормаларға жауап беретін жабдықтар, ойыншықтар, ойын материалдары, көрнекі құралдар кіреді.

Тәрбиешінің міндеті-мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының осы тізімі мен мазмұнына сәйкес дамып келе жатқан пәндік ортаны жобалау.

Сонымен орта төмендегідей болуы керек:



- баланың толық және уақтылы дамуын қамтамасыз ету;

- балаларды іс-әрекетке ынталандыру;

- Тәуелсіздік пен шығармашылықтың дамуына ықпал ету;

- баланың субъективті позициясын дамытуды қамтамасыз ету. Ол үшін ол бай, алуан түрлі және үнемі өзгеріп отыруы керек.

Алайда, әр түрлі материалмен қаныққан кез келген ортаны даму деп атауға болмайды. Топтық бөлмеде көптеген заттар мен ойын жабдықтары болуы мүмкін, бірақ олардың балалардың дамуына әсері аз болады. Мұның бәрі қоршаған орта балаға қандай жас сатысына әсер ететініне байланысты. Баланың айналасындағы барлық нәрсе оның психикалық дамуының қайнар көзі емес, тек психикалық дамудың ішкі процестері мен қоршаған ортаның сыртқы жағдайларының ерекше үйлесімін тудырады. Ол (комбинация), бір жағынан, балалардың осы кезеңге тән психикалық қасиеттері мен танымдық процестерінің жетілуімен, екінші жағынан, балалардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін мүмкіндігінше жүзеге асыруға болатын жағдайлар жасаумен сипатталады. Пәндік орта әр жастағы балалардың психикалық ерекшеліктерін неғұрлым дәл және толық көрсетсе, олардың таным белсенділіктері мен таным қызығушылықтарын ашуға көбірек мүмкіндік болады.

Өмірдің төртінші жылының басындағы балалардың ең мәнерлі ерекшелігі-олардың тәуелсіздікке деген ұмтылысы. Бұл «үш жылдық дағдарыс» деп аталатын жерде, бала күтпеген жерден ересек адам үшін тәуелсіздік құқығын жариялаған кезде көрінеді. Оған деген ұмтылыс баланың әртүрлі іс-әрекеттердің практикалық құралдары мен тәсілдеріне деген қызығушылығын тудыратын және оларды игеруге итермелейтін ішкі қозғалтқышқа айналады. Ересек адамның міндеті-балаға мақсатқа жетудің практикалық құралдары мен тәсілдерін игеруге көмектесу.

Кішкентай бала айналадағы объективті және табиғи әлемді ғана емес, сонымен бірге адамдар әлемін, соның ішінде өзін де біледі. Баланың мінез-құлқында басқа адамдардың сезімдері мен мүдделерін ескеру үшін тәрбие-

ші оған жақын адамдарға ата-аналарына, құрдастарына жанашырлық танытуға, олардың көңіл-күйін түсінуге көмектеседі. Осы мақсатта топта әр түрлі жастағы (балалар, ересектер), жыныстағы (ерлер, әйелдер), эмоционалды жағдайдың әр түрлі көрінісі бар (қайғылы, көңілді, күлетін, жылайтын), сыртқы түрі, шаштары, киімдері, аяқ киімдері бар фотосуреттер, суреттер балалардың көз деңгейінде бекітілуі керек. Сіз баланың отбасы мүшелерінің және оның өзі туралы суреттерді іліп қоюға болады. Тәрбиеші баланың назарын адамның әртүрлі эмоционалды көріністеріне аударады, адамдардың сыртқы келбетінде жалпы және ерекше нәрсені табуға үйретеді.

Ортаңғы топ балаларының қозғалыстары белсенді дамыған, олар тез жүруге, жүгіруге, өрмелеуге тырысады. Сонымен қатар, қозғалыстар әлі де үйлестірілмеген, ептілік, реакция жылдамдығы, сенімділік жоқ.

Сондықтан, қоршаған ортаны кеңістіктік ұйымдастыру кезінде жабдықты топтың периметрі бойынша орналастырған дұрыс, ойын бөлігі мен тұрмыстық қажеттіліктер үшін орын бөліп, балаға жеткілікті кең, жақсы көрінетін қозғалыс жолдарын ұсынған жөн. Қоршаған ортаға көптеген жабдықты қосу ұсынылмайды, кеңістіктің үштен екісі бос болуы керек.

Ойын орталықтары баланың әлеуметтік және жеке дамуы, әлем туралы идеяларды кеңейту, ойын әрекеттерін, рөлдік өзара әрекеттесуді, рөлдік қарым-қатынасты байытуға септігін тигізеді. Педагогтің міндеті — ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың қызығушылықтарын ескере отырып қарым-қатынас арқылы қалыптасқан адамдардың қарым-қатынасының саны және дамып келе жатқан тәжірибесін алмастыра білу.

Тілдік құзыреттілікті дамыту жеке тұлғаның қалыптасуымен тығыз байланысты. Байланысу тәжірибесін үйрену тікелей өзара іс-қимыл кезінде, сондай-ақ оқу кезінде, фильмдерді көріп, адамдарды көріп жатқанда кездеседі.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік құзыреті және оның құрылымы үш компоненттен тұрады: мотивациялық-же-



ке, мінез-құлық және танымдық элемент. Тілдік дағдылары айналадағы адамдарды түсіну, ересектермен айқын тілде сөйлеу, жағдайға лайықты түрде сезім мен эмоцияларды білдіріп, сұрақтар қоюға, ауызша және ауызша емес қарым-қатынас жолдарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалау барысында балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, жеңілден күрделіге қарай принципі бойынша жүзеге асырылады. Мысалы: кіші топ (2-3 жас) балалары үшін ойын орталығында ұйымдастырылған ойындар барысында объектілермен әрекет ету тәсілдерін көрсету үшін қоршаған әлемде жағдай жасау көзделсе, ортаңғы топ (3-4 жас) балалары үшін ойын орталығы Сюжеттік-рөлдік ойындар орталығына алмасып, баланың әлеуметтік және жеке дамуы, ойын әрекеттерін, рөлдік өзара әрекеттесуді қарастырады. Ал ересектер (4-5 жас) тобы мен мектепалды даярлық тобы (5-6 жас) балалары үшін баланың әлеуметтік және жеке дамуы, әлем туралы идеяларды кеңейту, ойын әрекеттерін, рөлдік өзара әрекеттесуді, рөлдік қарым-қатынасты байытумен жалғасын табады. Сонымен қоса әрбір заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның өзіндік көздеген мақсат-міндеттері анықталуы керек. Ол тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерін мақсатты жоспарлауға септігін тигізеді.

Мысалы: кіші топ балалары үшін **Танымдық даму немесе экология орталығы** -баланың қоршаған әлем туралы алғашқы идеяларын қалыптастыру, оған қызығушылық, сенсорлық тәжірибені жинақтау болса,

Ортаңғы топ балалары үшін **Танымдық практикалық іс-әрекет орталығы** -қоршаған шындыққа және оны практикалық түрде зерттеу тәсілдеріне белсенді қатынасты ынталандыру болып табылады.

Ересек және мектепалды даярлық тобы балалары үшін **Танымдық практикалық іс-әрекет орталығы** — Табиғат туралы білімді жүйелеу арқылы қоршаған шындық пен әдістерге белсенді қатынасты ынталандыру.

Дамытушы орта өзінің мүмкіндіктерін баланың осы ортада үлкендер мен қарым-қатынасының арқасында ашады. Үлкен

адамдардың дайындығынан, біліктілігінен, олардың балаларға мейірімділік пен мүдделілік қарым-қатынасынан заттық ортаның серлілігі, баланың өз іс-әрекетінде оны меңгергісі келетіндігі және меңгере алатындығы белгілі болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Данашева А. Заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі // Бастауыш мектеп. № 10. - 14 б.;
2. Петровский В.А., Кларина Л.М., Смыгина Л.А., Стрелкова Л.П. Построение развивающей среды в дошкольном учреждении. — М.: Новая школа, 1993. - 346 с.;
3. Нұсқабаев О. Мектеп — жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы: Қазақстан, 1997. - 156 б.;
4. Мудрик А.В. Социализация и смутное время. — М.: Просвещение, 1995. - 250 с.;
5. Крылова Н. Детский сад — дом радости. — СПб.: Библиотека для воспитания, 1992. — 144 с.;
6. Дыбина-Артамонова О.В. Предметно-пространственная среда: её роль в воспитании личности // Дошкольное воспитание. - 1995. - №4;
7. Виноградова Н.А. Интерактивная предметно-развивающая среда детского сада: учебник. — М.: Перспектива, - 123 с.
8. А.Қ. Тусупова. Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық -дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. — Астана, 2015;
9. «Мектепке дейінгі білім-тәрбие әдістемесі» №1, 2015;
10. «Ерте жастағы балаларға арналған заттық-дамытушы орта» стандарты. — Астана, 2019;
11. Новоселова С. Развивающая предметная среда; методические рекомендации по проектированию вариативных дизайн — проектов развивающей предметной среды в детских ссадх и учебно-воспитательных комплексах/С. Новоселова. — М.: Просвещение, 2001. — 89 с.
12. Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. — Астана, 2015.



Развиваем «гибкий» навык задавать вопросы

В стремительно меняющемся мире жизнь предъявляет необходимость чтению большого количества текстов, требующих от детей умения выделить необходимую информацию и использовать её, так сказать критически мыслить.

Научить работать с текстом — важная задача процесса обучения. Не каждый учащийся, прочитав один раз текст, определит, о чем он, в чем заключается основная мысль. Решить эту проблему поможет составление вопросов. Ведь правильно поставленный вопрос учит школьников слушать внимательно, мыслить и рассуждать. [1]

В своей практике работы в школе каждый раз сталкиваюсь с такой проблемой, что ученики во время работы с текстом отвечают на вопросы, но не умею задавать их. Начала искать пути решения данной проблемы. По мере решения проблем я апробировала все методы, которые были опубликованы в интернете. Общеизвестно, что существуют два типа вопросов: вопросы низкого порядка (закрытые), вопросы высокого порядка (открытые). Закрытые вопросы (что? когда? где?) требуют конкретного ответа и конкретизируют знания учащихся по данной теме. Они направлены на запоминания, и ответы расцениваются, как правильные или не правильные. А открытые вопросы (почему? для чего? с какой целью?) заставляют учащихся задуматься, способствуют их умственному развитию. Вопросы высокого порядка направлены на умение ученика применять, реорганизовывать, расширять, оценивать и анализировать информацию каким-либо образом. Так же мы в работе с текстом применяем вопросы «тонкие» и «толстые». «Тонкие» вопросы это такие вопросы, которые требуют репродуктивного односложного ответа, а «толстые» вопросы требуют глубокого осмысления. Для осмысления и анализа текста мы используем «Ромашку Блума» или «Кубик Блума» шесть вопросов, кото-

рые составлены на теории таксономии.

«Ромашка» состоит из шести лепестков, каждый из которых содержит определенный тип вопроса. Таким образом, 6 лепестков — 6 вопросов:

1. Простые вопросы — вопросы, отвечая на которые, нужно назвать какие-то факты, вспомнить и воспроизвести определенную информацию: «Что?», «Когда?», «Где?», «Как?».

2. Уточняющие вопросы. Такие вопросы обычно начинаются со слов: «То есть ты говоришь, что...?», «Если я правильно понял, то ...?», «Я могу ошибаться, но, помоему, вы сказали о ...?». Целью этих вопросов является предоставление ученику возможностей для обратной связи относительно того, что он только что сказал. Иногда их задают с целью получения информации, отсутствующей в сообщении, но подразумеваемой.

3. Интерпретационные (объясняющие) вопросы. Обычно начинаются со слова «Почему?» и направлены на установление причинно-следственных связей. Данный тип вопроса «срабатывает» тогда, когда в ответе присутствует элемент самостоятельности.

4. Творческие вопросы. Данный тип вопроса чаще всего содержит частицу «бы», элементы условности, предположения, прогноза: «Что изменилось бы ...», «Что будет, если ...?», «Как вы думаете, как будет развиваться сюжет в рассказе после...?».

5. Оценочные вопросы. Эти вопросы направлены на выяснение критериев оценки тех или иных событий, явлений, фактов. «Почему что-то хорошо, а что-то плохо?», «Чем один урок отличается от другого?», «Как вы относитесь к поступку главного героя?» и т.д.

6. Практические вопросы. Данный тип вопроса направлен на установление взаимосвязи между теорией и практикой: «Как можно применить ...?», «Что можно



сделать из ...?», «Где вы в обычной жизни можете наблюдать ...?», «Как бы вы поступили на месте героя рассказа?».

Нередко на уроке складывается непростая ситуация. Дети недопоняли объяснение учителя, но ничего не попытались уточнить. Результат — урок для многих прошел зря. Как же добиться того, чтобы ребята задавали вопросы? Таким образом, мы знаем, что есть порядок приемов. Для успешного применения учениками данных нам вопросов. Поделюсь опытом работы по формированию навыка задавать вопросы и представлю приемы, развивающие это умение.



почтальон



милиционер



столяр



доктор



летчик



повар



моряк



продавщица



швея



доярка

I. Прием «Картинки».

Берем тематические картинки [2]. Например «Профессии». Ребята должны рассказать, что нарисовано на картинке, и сказать чем занимается данный персонаж. Для формулировки вопроса мы даем подготовленные вопросы Кто? Что делает?

Таким образом, ученики записывают предложения. Далее применяя заранее данные вопросы, составляют свои варианты вопросов.

Это доктор. Доктор лечит людей

Это кто? Что делает доктор?

При наблюдении, у учеников было множество ошибок при формулировке. Было большинство вариантов вопросов такие «Доктор что делает людей?». Здесь можно увидеть, что ученик нашел слово, отвечающий на вопрос что делает? В таких случаях объяснила ученикам, вопрос нужно писать в начале вопросительного предложения. Для полного понимания правильности составленного вопроса попросить ученика прочитать свой составленный вопрос. Дать осмыслить нужны ли дополнительные слова или нет. Таким образом, дети смогут найти и исправить свои ошибки самостоятельно.

Прием «Да, нет, перефразируй». Аналог игры «Данетки». Целью этого приема было найти героя рассказа «Черный Бэм Черное Ухо». Вызывается ученик к доске, на доске изображена картинка собаки Бима. Ученик, вышедший к доске, задает вопрос классу, а остальные ученики отвечают на вопрос «Да», «Нет», если вопрос не корректно поставлен ученики отвечают «Перефразируй».

II. Правило «6К»

На букву «W» в английском языке начинаются вопросительные слова «Кто?» «Кого?» «Когда?» «Кому?» «Кем?» «Какой?». Чтобы сделать анализ произведения или какого-либо персонажа, можно использовать правило «6К». Нужно шесть раз сформулировать вопросы, начинающиеся с указанных слов.

III. Игра «Угадайка»

Это игра для начальной школы; обычно проводится на уроках русского языка и служит для подготовки к изучению частей речи; но можно использовать и на других уроках: например, на уроке окружающего мира предложить загадывать животных или природные явления.

Один школьник загадывает что-то или кого-то. Ему задают три вопроса: что? какой? и для чего? Он отвечает, а остальные угадывают. Например, так: «Что? - Овощ. - Какой? - Красный. - Для чего? - Для салата». Это — помидор.

IV. Прием «Вопросительные слова» 1 вариант



Учащиеся по просьбе учителя записывают в таблицу, состоящую из двух колонок, слова. В правую колонку пишут понятия, связанные с изучаемой темой, а в левую пишут вопросительные слова. После этого ученикам предлагается за 5-7 минут сформулировать как можно больше вопросов, складывая по смыслу слова из двух колонок. Работа может быть как индивидуальная, так и парная.

Лучшие вопросы отмечаются, ученики поощряются.

Где?	Москва
Куда?	Казахстан
Когда?	Казахский педагогический институт
Почему?	Малая родина
Как?	Дедушка Сергали
Сколько?	Произведения

V. Прием «Вопросительные слова» 2 вариант:

1. Для начала ученики должны прочитать текст;
2. Записывают данные вопросы предложенные им ранее;
3. Пишут вопросы по тексту;
4. Читают составленные вопросы. В случае не правильно составленных вопросов, ученики поправляют свои ошибки.

ЧТО _____?
 КТО _____?
 ГДЕ _____?
 КАК _____?
 КОГДА _____?
 ПОЧЕМУ _____?
 ЗАЧЕМ _____?
 ОТКУДА _____?
 КАКОЙ...?КАКАЯ _____?
 КАКАЯВЗАИМОСВЯЗЬ _____?
 ПОКАКОЙПРИЧИНЕ _____?
 ЧЕМЛУЧШЕ _____?

VI. Прием «Найди и составь». Ученики выписывают предложения из текста, находят в предложения члены предложения, делают синтаксический разбор, при этом над каждым словом пишут вопросы к словам. Примерно это выглядит так:

Кто? Что делал? Как? Что? Что делало? Как? Кому? Куда?

Гулливер лежал на спине, и солнце светило прямо ему в лицо. (Дж. Свифт)

Для того чтобы составить вопросы, нужно объяснить ученикам:

- Слова, над которыми написаны ВОПРОСЫ, являются ответом на вопрос.
- Количество вопросов соответствует количеству слов в предложении.
- Вопросительные слова пишутся в начале предложения.
- После вопросительных слов в большинстве пишется сказуемое.
- При составлении тонких вопросов, если предложение сложное, лучше разделить его на части.

Тонкие вопросы:

1. Кто лежал на спине?
2. Что делал Гулливер на спине?
3. Как лежал Гулливер?
4. Что светило прямо ему в лицо?
5. Что делало солнце прямо ему в лицо?
6. Как светило солнце ему в лицо?
7. Кому светило солнце в лицо?
8. Куда светило солнце прямо?

Толстые вопросы:

1. Почему солнце светило прямо ему в лицо?
2. Почему Гулливер лежал на спине?

Умение задавать правильные вопросы — это не только основа школьного обучения, но и один из, как теперь принято говорить, «гибких» навыков, что пригодятся ребятам в дальнейшей жизни и помогут добиться успеха в профессии. Вот почему так важно уделять этому умению время на уроках. Надеюсь, мои идеи станут импульсом для вашего педагогического творчества.

Использованная литература:

1. Габдрахманова Б. Д. «Составление вопросов низкого и высокого порядка при работе с текстом на уроках русского языка и литературы» ;
2. Загашев И.О. Умение задавать вопросы. //Начальная школа, 2001, №12;
3. Кубасова О.В. Литературное чтение. Учебники для 2, 3, 4 класса общеобразовательных учреждений. — Смоленск: Ассоциация XXI век. 2013;



4. Примерная основная образовательная программа образовательного учреждения. Начальная школа /сост. Е.С. Савинов. – М.: Просвещение, 2010;

5. Аюбаева Н. Развитие критического мышления через чтение и письмо: пути следования [Мәтін] / Н. Аюбаева // Қазіргі Қазақстан мектебі. – 2014. – № 6 (9). – С. 18-19;

6. Аяганова Ш. К. Использование технологий критического мышления в учебном процессе [Текст] / Ш. К. Аяганова //

Администратор в Казахстанской школе. – 2011. – № 1. – С. 30-33;

7. [1] <https://zkoipk.kz/kz/smartconf2019/1-section/5151-conf.html>;

8. [2] <https://steshka.ru/professii-v-kartinkax>.

Алима АСКАРОВА,

учитель средней школы №276 кента

Айтеке би.

Казалинский район,

Кызылординская область.

Рентабельный бизнес



**Айгүл Леспекқызы
ЛЕСПЕК,
преподаватель
специальных дисциплин
Кентауского
многопрофильного
колледжа.
г. Кентау,
Туркестанская область.**

Цель любого бизнеса – быть прибыльным и иметь хорошую рентабельность. Показатели рентабельности являются важными характеристиками для формирования прибыли и дохода бизнеса. Бизнес в любой сфере деятельности начинается с определенной суммы денежной наличности, за счет которой приобретаются необходимые ресурсы, организуется процесс производства и сбыт продукции. Капитал в процессе своего движения проходит три стадии кругооборота: подготовительная, производственная и сбытовая. На первой стадии организация приобретает необходимые основные фонды и производственные запасы. На второй стадии идет процесс производства продукции. На третьей стадии готовая продукция реализуется и поступают денежные средства превышающие первоначальную стоимость на величину

полученной прибыли от бизнеса. Следовательно, чем быстрее капитал сделает кругооборот, тем больше предприятие реализует продукции. За счет ускорения оборачиваемости капитала увеличивается сумма прибыли. Повышение доходности капитала достигается рациональным и экономным использованием всех ресурсов, недопущением их перерасхода, потерь на всех стадиях кругооборота. Таким образом, эффективность использования капитала характеризуется рентабельностью.

Что означает «рентабельность». Рентабельность это показатель экономической эффективности использования ресурсов, инвестиций доходность различных направлений деятельности. Рассмотрим основные показатели рентабельности, которые часто используются:

Рентабельность продаж показывает отношение прибыли от реализации продукции, работ и услуг (до выплаты процентов и налогов) на сумму полученной выручки. Этот показатель характеризует эффективность производственной и коммерческой деятельности: сколько прибыли имеет предприниматель с тенге продаж, какую часть выручки предприятию составляет прибыль. Рассчитывается по формуле:

$$P_{\text{продаж}} = \text{Чистая прибыль} / \text{оборот} * 100\%$$



Рентабельность активов показывает достаточно ли поступление дохода при имеющемся потенциале. Рассчитывается по формуле:

$$P_{\text{активов}} = \text{Чистая прибыль} / \text{стоимость активов} * 100\%$$

Рентабельность инвестиций показывает на сколько процентов удалось вернуть вложения от инвестиций. Его формула:

$$P_{\text{инвестиций}} = (\text{чистая прибыль} - \text{размер вложений}) / \text{размер вложений} * 100\%$$

Рентабельность затрат на маркетинг здесь рассматривается деятельность маркетологов, рекламный бюджет, продажные, работа с клиентами на сколько эффективны вложения в эти каналы.

Зная показатели рентабельности можно определить рентабельность каждого отдела, товара, сотрудника это поможет пересмотреть расходы организации, выявить уязвимые места и исправить их. Чтобы быть рентабельным, нужно проводить факторный анализ. Факторный анализ — это анализ влияния отдельных факторов на результативный показатель с помощью различных методов исследования. На уровень и динамику показателей рентабельности оказывает влияние вся совокупность производственно-хозяйственных факторов: уровень организации производства и управления, структура капитала и его источников, степень использования производственных ресурсов, объем, качество и структура продукции, затраты на производство и себестоимость продукции, прибыль по видам деятельности. При факторном анализе нужно учитывать, что среднегодовая сумма основного и оборотного капитала зависит от объема продаж и скорости оборота капитала, чем быстрее оборот капитала, тем меньше требуется дополнительного привлечения средств, при этом на объем продаж влияет себестоимость продукции, чем выше себестоимость,

тем ниже уровень рентабельности совокупного капитала. Рассмотрев все факторы нужно выявить резервы роста повышения уровня рентабельности: повышение качества продукции, поиск более выгодных и новых рынков сбыта, расширение канала сбыта.

Считать рентабельным можно тот бизнес, где источником является пассивный доход, который постоянно увеличивается. К ним можно отнести сети магазинов, аптек, сайтов. Прибыльным считается бизнес, где товары в не зависимости от места, климатических условий, региона эти товары постоянно пользуются спросом — это продукты питания, одежда, товары для дома.

Большая часть предпринимателей старается найти свой доходный малый бизнес. На сегодняшний день можно считать самым прибыльным бизнесом — это **сфера оказания различных услуг**. Широкое распространение получили услуги общественного питания: рестораны, кафе, пиццерии, закусочные, магазины-кулинарии. Также прибыльным являются **жилищно-коммунальные услуги**. Это ремонт помещений, внешних фасадов зданий, облагораживание территорий. Финансовые услуги тоже считается развивающим бизнесом — это предоставление финансовых услуг населению. Это перевод денег по номеру карты, выплат пенсий, прием коммунальных платежей, обслуживание банковских карт, т.е. не выходя из дома можно получить финансовые услуги. Самым доступным широко распространенным является **информационные услуги**. Услуги посредством связи — это информации любого типа, содержания о товаре, транспортные, туристические, юридические, создание интернет-магазинов, разработка сайтов/приложений и т.д. В данную отрасль требуется мало вложений, а прибыль можно получить с первых дней. Это самые рентабельные виды услуг малого бизнеса. Поэтому развивайте, расширяйте свой бизнес.



Ұлтын әлемге танытқан балуан



**Тұрсынғұл Сапышқызы
КАМЗИНА,
Қ. Мұнайтпасов
атындағы олимпиада
резервінің
мамандандырылған
мектеп-интернат
колледжінің тәрбиешісі.
Нұр-Сұлтан қаласы.**

Мақсаты:

1. **Білімділік:** дүниежүзілік спорт арена-сына шығып, шетелдердегі жарыстар-да атақ, даңққа ие болған тұңғыш қазақ палуаны Қажымұқан Мұнайтпасұлының өмір жолымен, бейнесімен, ерен еңбегі-мен таныстыру;

2. **Дамытушылық:** оқушылардың тіл мәдениетіне, ойын толық, дәлелді жеткізе білуіне жетелеу;

3. **Тәрбиелік:** Қажымұқанның жетістіктерін үлгі етіп, оқушыларды спортты сүйеге, спортта биік шыңдарға жетуге, ұлжанды болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: белсенді тақта, Қажымұқанның туралы бейне материал, әдеби кітаптар және отбасының суреттері, естеліктер, бейнероликтер.

Сабақтың барысы: слайдта сабақтың тақырыбы, мақсаты жызылып тұрады.

Тәрбиешінің сөзі: Құрметті оқушылар! Елімізде өмірі мен ісі халқымыздың қазынасына айналған тұлғалар көп болмаса аз емес. Бірі таныса, екіншісі біле бермейтін атына заты сай азамат туралы сөз айтпақпын. Бүгінгі сабағымыз даңқы әлемге таралған, қазақ халқының тұңғыш палуаны — Қажымұқан Мұнайтпасов туралы болмақ. Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұлан-ғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді

көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажымұқан бабамыз. Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы аталған тұңғыш қазақ алыбы!

Оқушылар сендер Қажымұқан аталарың туралы не білесіңдер? (Оқушылардың жауаптары)

Экранға назар аударамыз бейнекөрініс-Қажымұқан туралы.

Тәрбиеші: Осы бейнекөріністен нені байқадыңдар? (Оқушылардың жауаптары)

Тәрбиешінің сөзі: Қ. Мұнайтпасов — тұңғыш қазақ палуаны, кәсіби күрескер, әлем чемпионы. Ақмола облысы Қараөткел аймағы Қоспа аулында дүниеге келген. Бала кезінен ол қайратты, алып болып өседі. Ол 28 мемлекетте күресіп, 48 алтын, күміс, қола медальдарын әйгілі сизгизмунд белбеуін алған. Ұлы Отан соғысы жылдарында көшпелі циркпен өнер көрсетіп, өзі жинаған 100 мың сом қаражатын қорғаныс қорына жіберді.

1978 жылы «Қажымұқан» атты екі бөлімді көркем фильм түсірілді. «Қазақ даласының батыры» атағы берілді. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Ол Парижде, Лондонда, Варшавада. Берлинде. Будапештте және дүние жүзінің басқа да көптеген қалаларында күресті. 1948 жылы Шымкент облысының Арыс ауданы Ленин туы колхозында қайтыс болды.



- Міне биыл Қажымұқан бабамыздың туғанына 150 жыл. Осы мерейтойға арнап, мен өзім Қажымұқан бабамыздың логотипін негізге алып, бүгінгі ашық сабаққа қатысын отырған оқушыларыма, әріптестеріме төсбелгі жасатып, сіздерге естелік ретінді тапсырайын деп едім, қабыл алыңдар!

(Сабаққа қатысушылардың барлығына Төсбелгі таратылады)



Слайдпен жұмыс — слайдка байланысты екі оқушы әңгімелеп береді

1-оқушы:

Қажымұқанның жетістіктері:

1905 — Қытайдың Харбит қаласында жапондық Саракикимен джиу-джитсу әдісімен күресіп, қарсыласына ажал құштырады.

1913 — Тройцк қаласында 18 рет белдесуге шығып, 18 рет жеңіске жетіп, бас бәйгені алады.

1927 — «Қазақ даласының батыры» атағы беріледі.

1944 — өз қаржысына ұшақ жасатады. Палуанға Сталин алғыс хат жолдайды.

1945 — «Құрмет белгісі» орденін алады.

Шымкент қаласында Қажымұқанға арнап ескерткіш қойылған. Сонымен қатар, Қажымұқан атындағы стадион, көше, спорт сарайлары Қазақстанның көптеген қалаларында бар.

2-оқушы:

Қара сөздің қадірін білетін қазақ «күш атасы» деп басқаны емес, Қажымұқанды атаған. Қажымұқан туралы қалам тербеген алаш қаламгерлерін түгендеп шығу да оңай емес. Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Асқар Тоқмағанбетов, Әбділда Тәжібаев, Дихан Әбілев, Сапарғали Бегалин, Сәбит Мұқанов, Әуелбек Қоңыратбаев, Сырбай Мәуленов, Төлеген Айбергенов, Қадыр Мырзалиев, Ғафу Қайырбеков, Қалмақан Әбдіқадыров, Сәуірбек Бакбергенов, Жайық Бектұров, Әди Шәріпов, Зейтін Ақышев, Берқайыр Аманшин, Әлімқұл Бүркітбаев, Қапан Қамбаров, Төлеген Тоқбергенов, Мұхтар Шаханов, Жарасқан Әбдірашев, Бекен Әбдіразақов, Сабырхан Асанов, Аян Нысаналин, Құлбек Ергөбеков, Мамытбек Қалдыбаев, Захардин Қыстаубайұлы, Серік Байхонов, Жанболат Ауупбаев, Әділғазы Қайырбеков, Әсия Беркенова, Есенқұл Жақыпбеков, Орыстың көрнекті ақыны Дмитрий Мартынов, белді жазушы Николай Анов. Аттары аталған бір-бір бәйтеректей ақын-жазушыларға спорт журналистерін қоссақ, Қажымұқан

туралы қалам тербеген адамдардың шетішегі жоқ екеніне көз жеткізер едіңіз.

Тәрбиеші: Құрметті оқушылар, келесі кезек Қажымұқан туралы шығармаларға беріледі. *(Оқушылар өлеңдерді жатқа оқиды)*

1-оқушы:

Сырбай Мәуленов

Ұл тартып туса игі енді өзіңе,
Саусағы Алатаудың еменіндей,
Жотасы Қаратаудың кемеріндей,
Жүзінен шаттық, қайғы білінбейді,
Тұп-тұнық Қараөткелдің тереңіндей.
Ордадай омырауы алқа-салқа,
Жартастай бас терісі жаңқа-жаңқа,
Құлағы жымырайған жырым-жырым,
Қарыны бұлшық еттей қалта-қалта.
Тұтасқан мойны дала жондарындай,
Білегі жолбарыстың қолдауындай,
Гүрзідей қолдарының тегеуріні
Атасы Қобландының қолдарындай.

2-оқушы:

Ғафу Қайырбеков

Беріп кеткен тарихқа атын мақтап,
Мүлде сирек көк шөбі құба жонда,
Мүлде сирек бір қазақ жатыр ұйықтап.
Айтарсың — деп кейінгі сұрағанға
Беріп кеткен тарихқа атын мықтап.
Жандар ғой бұл шапағат жарық құшып,
Бар тұлғасын табиғат мол пішетін.
Ол есіңе түскенде халық түсіп,
Халық еске түскенде ол түсетін.

3-оқушы:

Қадыр Мырза Әлі

Бұлшық еті даланың
Көкорайда түрсе бабаң балағын,
Майдан қылдың кілемін сан қаланың.
Сен «Әуп!» — десен, түйілетін тас болып,
Бұлшық еті даланың.
Атып ұрмай қоймаушы едің кезенсен,
Сені көріп жер болатын ез еңсе.
Сен жығылсаң — далаң бірге жығылып,
Далаң жеңді — сен жеңсен.
Тау көтерсең — қарың сенің талмапты,
Сондай күшпен ата-бабаң мал бақты.
Саған арнап құйған шойын ескерткіш
Болмас сенен салмақты!

4-оқушы:

Тұманбай Молдағалиев



Қайратымен айтқандай еліне ақыл
Тау көтерген Қажекем кеудесімен,
Сөйтіп, талай тандырған елді есінен.
Сұңқар жігіт сұқтантты сұлуларды
Тұлпар мініп жастықтың кермесінен.
Белдескеннің бәрін де жыға берген.
Тең табылмай өзіне мына әлемнен.
Шауып өткен бір кезде кең даласын
Даңқ деген құламас құлагермен.

**5-оқушы:****Нартай Бекежанов**

Өнердің бар өзінде алуаны
Құдіретті қара күштің қаһарманы,
Балуанның бәрін жыққан жиһандағы,
Тізесін белдескеннен бүккен емес,
Чемпион жер жүзіне аталғалы.
Қаһары қаһарланса тасқан селдей,
Жоталы, жалпақ жоны асқар белдей.
Жетпістің жетеуіне жетсе-дағы,
Серпіні қаңтардағы серіпкен сендей.

6-оқушы:**Мұхтар Шаханов**

Құлагер төс, піл табан...
Қара күште әлі ешкім жоқ сенше биік
шырқаған.

Өнерге де өзгелерден жақын ең ғой бір
табан,

Рух қашып бара жатыр өзің өскен қыр-
қадан...

Бүгін мені қайта көтер жарты ғасыр өт-
кен соң,

Қанатсызды мойындамас мінезіңмен
бұрқаған.

Сол бір салтың тірі тұрса, тұрар әр кез
ұлт аман,

Қазақтың бас бұлшық еті, құлагер төс,
піл табан...

7-оқушы:**Бекен Әбдіразақов**

Иірген не дәуінді ұршық етіп,
Қаратау жотасындай бұлшық еті.
Иірген не дәуінді ұршық етіп.
Қажекең буырқанып белдесуге,
Кезенген қаһарлы сәт келді есіме.
Ақтастан құйылған сом тұлғасында,
Күш жатыр жан тең келмес бұл ғасырда.
Туған жер құдіретіндей ұл басында
Осылай туса керек туғасын да!

8-оқушы:**Әбдіраштың Жарасқаны**

Келсе жұртқа танытқын...
Ерендігін Қазақ дейтін халықтың.
Бойыңменен Келсе жұртқа танытқын,
Терендігін Қазақ дейтін халықтың.
Ойыңменен Келсе жұртқа танытқын,
Ей, жас ұрпақ, Құлақ түр,
Ей, жас ұрпақ, Мұрат қыл.
Тау тұлғасын Қажымұқан алыптың!
Сұстылығын Қазақ дейтін халықтың,
Айбатыңмен Келсе жұртқа танытқын,
Күштілігін Қазақ дейтін халықтың.
Қайратыңмен Келсе жұртқа танытқын,
Ей, жас ұрпақ, Құлақ түр,
Ей, жас ұрпақ, Мұрат қыл!
Тау тұлғасын Қажымұқан алыптың!

**9-оқушы:****Серікбай Маханұлы**

Әлемге әйгілісің, Қажымұқан,
Сан қилы күрестердің тағын алған.
Қан майдан — соғыс жылы Отанына



Самолет жасау үшін қаржы салған.
Неткен күш тұла бойдан тасыған,
Өнерін тақ үстінде асырған.
Поддубный досы болып күресте
Күш ата жаратылдың асылдан, Қажымұқан.

Күрестен сан палуан құлағанда,
Иленді сом темірлер бұрағанда.
Быт-шыт боп үгітілді таудай тастар,
Кеудеден қос балғамен ұрғанында.
Үлгі боп өткен өмір жылдарыңа,
Ашылды мұражайың ұрпағыңа.
Құрметпен жылда өтер үлкен жарыс
Қазақтың сайыпкерлер құрамына.

Тәрбиешінің сөзі: Бүгінгі дайындаған өлендерін жақсы, бәріне рух беріп, жақсы әсер қалдырды деген ойдамын.

1. Ал енді, қазіргі таңда Қажымұқан сияқты балуандар бар ма? (Оқушылардың жауабы)

«Қазақ барысы» жарысы 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатыр. Атап айтсақ Бейбіт Ыстыбаев, бойы – 193 см, салмағы 135 кг. «Тараз Арланы», тағы басқалар.

- Құрметті оқушылар, қазіргі таңда Қ. Мұнайтпасұлының ізбасарлары жеткілікті мысалы, **Темір Дәулетбақұлы Сыпатаевты** айта кетейін. Ол халықаралық дәрежедегі спортшы, осы биыл жетінші сәуірде Қ. Мұнайтпасұлының жерленген аулына барып, өнер көрсетіп, түйені көтеріп, мерейтойға қатысқан екен. Сол кісіден алған сұхбатты, бейнекөріністі сіздерге көрсетейін, экранға назар аударйық!



Экранда бейнетүсірім. Т.Б. Сыпатаевтың өнері мен сұхбаты.

Тәрбиешінің сөзі:

2. Біздің елімізде, біздің қаламызда Қажымұқан Мұнайтпасұлы атымен нелер аталады? (Оқушылардың жауаптары: стадиондар, мектеп, ескерткіштер, т.б.)

Қорытынды:

Тәрбиеші: Құрметті оқушылар! Енді тағы да бір жақсы жаңалық туралы айта кетейін. Қ. Мұнайтпасұлының ұрпақтары баршылық, оны өздерің де білесіңдер. Мен сіздерге Қажымұқан бабамыздың немересі өнер саласында қызмет істеп жүрген **белгілі сазгер Бақытжан Мұнайтпасовтың** атасына арнайы фильмге жазған «Қажымұқан» әнін бейнежазба түрінде сіздерге естіртіп, көрсетейін деп әдейі балуанның ұрпағы Темірлан ауылындағы мұражайдың жетекшісі Перизат апайдан алған едім. Сол бейнекөріністі бірге тамашалайық!

- Ал енді сабақты қортындылау үшін кері байланыс жасаймыз, кластерді толтырамыз. Онда сендер бүгінгі сабақта не білдіңдер? (Кластерді толтырады)

Оқушылар тақтағы шығып Қажымұқан туралы кластерін көрсетіп, әңгімелеп береді.



Тәрбиешінің сөзі: Бүгінгі сабақта әлемдік аренаға шығып, қазақ халқының мәртебесін асырған Қажымұқанның қиын тағдырына ортақтастық. «Көп бейнеттің зейнегі болады» деуші еді ғой халық. Қажымұқан атамыз да қиындықтардан шыңдалып, көптеген жеңістерге жеткен екен. Осы Қажымұқан атамыздан жас ұрпақтарымыз – сендер, балалар, үлгі алып, болашақта жолдарыңда кездесетін қиыншылықтардан қорықпай, әрқашан мақсаттарыңа жете білңдер дегім келеді.



Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың



**Ш.А.
ДЮСЮНБЕКОВА,**
«Павлодар
технологиялық
колледжі» ШЖҚ КМК
өндірістік оқыту шебері.
Павлодар қаласы.

Аннотация. Бала тәрбиесі бәрімізді алаңдатады. Адам баласының қасиетті міндеттерінің бірі-дүниеге ұрпақ әкеліп, артына із қалдыру. Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар да баршылық. Кейде баласының келешегіне алаңдаған ата-ана өз мекенін ауыстыруға дейін барып жатады. «Ұлың жақсы болсын десең, ұлы жақсымен көрші бол, қызың жақсы болсын десең қызы жақсы мен көрші бол»

Түйінді сөздер. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген.

Отбасы — адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатыр. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Ата-аналардың балалары алдында

олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұшта-сып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген

Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады. Босағасы берік отбасында әрбір адам өзара қамқорлық пен татулыққа, үй іші жұмыстарын жұмыла кірісіп орындауға, жақсы мен жаман туралы пікірлерін ортаға салып ұштастыруға, қаражатты дұрыс бөліп тұтынуға, еңбекпен табылған ақша құнын бағалап, қадірлеуге үйренеді. Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы балалардың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жоғары жауапкершілік сезіммен қарау, адамды



күрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың адамдармен қарым-қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Сондай-ақ, отбасының баланың дамуы мен қалыптасуы процесіндегі рөлі де ерекше. Отбасында тұрмыстың белгілі жағдайлары жасалады, мәдени орта қалыптасады, сезімдік күйлер орнығады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аласың» дегендей бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптарда күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлық қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізгісі мектепке дейінгі жаста қаланады. Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасында ең жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Анасы баласына әкесін өз әрекеттері арқылы қуантып, сыйлап құрметтеуді, оның жұмысын жеңілдетіп, оған қолқанат болып жүруін талап етіп түсіндіріп отырады. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті, өзара түсіністікте болса, одан адамгершілік пен әділеттің көрінісі айқын сезіліп тұрады. Отбасының бірлігі мен ынтымақтастығы оның құрамындағы адамдардың бір-біріне деген қамқорлығынан, тіпті бірегей саяси көзқарасты ұстануын, соған орай ерлі-зайыптылық және ата-аналық сезімін терең түсіне білулерінен байқалады.

Отбасының негізгі міндеті-баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттердің бәрі негізінен отбасы-ошақ қасында қалыптасып нығаяды. Мұнда, әсіресе, отбасындағы ересек адамдар өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойында осындай сезімдерді қалыптастырады.

Өз ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала өзге ата-аналарды да құрметтей біледі, қашан да үлкендер алдында

өзін дұрыс ұстап, құрмет пен қамқорлық таныта біледі.

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі Чехтің ұлы педагогі Ян Амос Каменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп, қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсіністіктерін отбасында алып, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады.

Орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинский баланы дұрыс тәрбиелеу туралы былай деп жазады: «Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының қалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек».

Бала тәрбиелеу онай жұмыс емес, ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ашқан бөбек тәрбиесін бесіктен бастаған.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруға кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10 сөзінде: «Әуелі баланды өзің алдайсың: әне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста баланды алдағаныңа мәз боласың. Соңынан балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды. Қазақ ағартушысы С. Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. Ол өзінің «Баланы семьяда тәрбиелеу» деген еңбегінде ата-аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді.

Ұзақ жылдар бойы отбасы тәрбиесі баланы тәрбиелеудің бірден-бір формасы болып келеді. Қазіргі қоғамда отбасы баланың шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап өмірінің соңына дейін тәрбиелік ықпал ететін негізгі ошақ болып отыр. Әрине, әркім баласын жаман болсын демейді, оның тәрбиелі, білімді, әрі еңбек



сүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен қызмет иесі болса екен деп тілейді. Жақсы тілек пен ниеттің орындалуына мүмкіндік жасайтын ата-ананың өзі. Балаға дүниеге келісімен көп көңіл аула-рып, «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей оның өнегелі қасиеттерін отба-сында қалыптастырған жөн. Баламызды мектепке жіберіп, мекиеп тәрбие береді, білім береді деп бар ауыртпалықты мұ-ғалім, тәрбиешілерге салып қойғанымыз жеткіліксіз. Баланы мектепке берген соң ата-ана мұғалім, тәрбиешімен тығыз қа-рым-қатынаста болып, оның дұрыс тәр-бие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс. Еліміздің өркендеуі, дамуы, болаша-ғы қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан-жақты білімді болуына көп байла-нысты. Кейбір ата-аналар жұмыстан шар-шап келгенін сылтауратып, баласының тәрбиесіне 30 минутта көңіл аударуға уа-қыт бөле алмайды, немесе тәрбие ісімен айналысуға ерінеді. Осыдан үлкен қателік туады. Баланың күнделікті өмірінде бір әрекетін ата-ана ескерусіз қалдырмағаны жөн. Жақсы нәрсесін мақтап, білмегенін айтып түсіндіріп, үйретіп отыру көп же-тістікке қол жеткізеді. Айталық, ата-ана өзінің алдына мына төмендегідей мақсат

қойып, оның жүзеге асуына мән беретін болса, сөз жоқ, ұрпағының тәрбиелі, өне-гелі, білімді болып өсуіне жол ашады.

1. Мектептен келген баланың көңіл кү-йін сұрау, бүгінгі тәртібіне өзіне-өзінің баға беруіне үйрету;

2. Балаға өз қателігін түсінуге мүмкін-дік жасау;

3. Баланың жақсы мінез, іс-әрекетіне назар аударып, көңіл күйін көтеру;

4. Ата-ана өзін-өзі ұстай білу, бақылай білу;

5. Балаға дауыс көтеріп, жазалауға асықпай, оны түсінуге тырысу;

6. Баласының тілін түсініп, онымен сырлас, дос болуға тырысу және оның ой-идеясына көңіл бөлу;

7. Өз баласын басқа балалармен салыс-тырмай, дұрыс тәрбие беріп, мінез-құл-қын, іс-әрекетін, қателігін түсінуге мүм-кіндік жасау;

8. Оның психо-физиологиялық даму дәрежесіне, адамгершілік эстетикалық қалыптасуына, жан-жақты жетілуіне кө-ңіл бөлу;

9. Оның шығармашылық қабілетін, ақыл-ой сезімін бағалай білу;

10. Оның талап тілегіне тежеу жаса-май, еркіндік беріп, дүниеге, өмірге деген көзқарасын бақылай білу.



Біз – адал елдің ұрпағымыз

Пәні	Өзін-өзі тану
Сынып	4-сынып
Құндылығы	Қиянат жасамау
Қасиеттері	Адалдық, әділдік, парасаттылық
Сабақтың мақсаты	1. Оқушыларға адам бойындағы адалдық қасиетті ұғындыру арқылы қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу.
Міндеттері	1. Адамның алға қойған мақсаты мен оған жету жолындағы адалдық ізде-ністерін сақтап, нәтижелі іс жасау керектігін түсіндіру; 2. Мақсатқа ұмтылу, оған жету жолдарын іздестіруді, әділдік қасиетімен байланыстырып үйрету; 3. Оқушыларды парасаттылыққа тәрбиелеу.



Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (1 минут) Жағымды көңіл-күй (2 минут)	<i>Мұғалім оқушылармен сәлемдесіп, сабаққа қатысуын тексереді.</i> «5Т» ережесі 1. Тәртіп; 2. Талап; 3. Тыныштық; 4. Татулық; 5. Тазалық. <i>Мұғалім оқушылармен шаттық шеңберін тұрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады</i>	<i>Оқушылар мұғаліммен амандасып, сабаққа дайындығын көрсетеді.</i> <i>Оқушылар 1 шумақ өлең жолдарымен жылы лебіздерін білдіреді.</i> Сәлем, Күн анамыз Қуанатын күн бүгін Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін	Өзін-өзі тану пәніне арналған құндылықтар жинағы
Әңгімелесу (5 минут)	1. Адал дос дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Адал болу кез келген адамның қолынан келе ме? 3. Адал болуға ұмтылу адамға не үшін қажет? <i>Мұғалім оқушыларға сұрақтардың көмегі арқылы білім жолын қуып, үнемі ізденіс жолында жүру керектігін түсіндіре отырып, адалдық құндылығының мәнін ашады.</i>	<i>Оқушылар сұрақтардың көмегі арқылы адалды, әділдік, парасаттылық ұғымдарының мәнін түсінеді.</i>	
Жағымды ой-пікір (Дәйексөз) 4 минут	Адал жүр, адал тұр, өтірік айтпа. Біреуге қылдай қиянат жасама (Б. Момышұлы) <i>Мұғалім дәйексөзді оқушылармен бірге қайталайды.</i> Мұғалім оқушылардың жауаптарын толықтырады. <i>Адам титтей де болса біреуге қиянат жасамау керек. Өтірік айтпауға, шыншыл болуға, адал жүруге шақырады.</i>	<i>Оқушылар дәйексөзді қайталайды. Б. Момышұлының қанатты сөзінің мағынасын талқылайды және дәптерге жазады.</i>	Презентация слайд, жұмыс дәптерлері.
Оқиға айту Әңгіме 8 минут	<i>Мұғалім оқушыларға «Адалдықтың өтемі!» ертегісін көрсетеді және оқып береді</i> Адалдық өтемі <i>Өткен заманда Күйік деген шаһарда бір етікші болыпты. Оның жарлы көршісінің Абзал есімді баласы бар екен. Ол бала өз бетінше талаптанып шаһар медресесіндегі ұстаздан дәріс алып тұрады екен. Ненің арам, ненің адал екенін әбден үйреніп алады. Бір жағынан ата-анасының да айтқанынан</i>	<i>Оқушылар ертегіні көріп, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</i> <i>Оқушылар ертегінің сюжетімен танысады. Адал болу керектігі жөнінде ой түйеді.</i> <i>Адал еңбек ету арқылы барлық жетістікке жетуге болатындығын түсінеді.</i>	Youtube «Адалдықтың өтемі!» ертегісі



шықпайтын тіл алғыш, адал, көркем мінезді ұл болып өседі. Етікші бейшара өз напақасын өзі тауып ата-анасына көмектессін деген оймен оны қасына көмекші етіп алады. Ерінбей-жалықпай етікшіліктің бар қыр-сырын үйретеді. Бала бір күні етікшінің етік жамағанда үнемі бір жібін түймейтіндігін байқап қалыпты. Аң-таң болған Абзал етікші ұстазынан мұның мәнін сұрайды. Сонда ол: **Қарағым, етік жамағанда жіпті түймесен, ол етік қайта жыртылады. Сөйтіп оның егесі оны жаматуға қайта әкелмей ме? Сөйтіп маған жұмыс, бала-шағама нан табылады,** - депті. Сонда Абзал медреседен алған ізгілік сабақтарын есіне түсіріп үлгереді. Ағатай — бұл күнә ғой. Адам кәсібіне адал болу керек емес пе? Етікші бұл сөзге аса құлақ аспай, **«адалдық адамға нан болмайды»** ғой деп жауап береді. Бала ұстазымен одан ары сөз таластырып жатпайды. Өйткені ол үлкендердің алдында әдеп сақтау жақсы баланың қылығы екенін медреседен оқып, біліп алған еді. Күндердің күнінде бала етікшілік кәсіпті ұстазынан кем білмейтін дәрежеге жеткен соң өз бетінше етік тігуге кірісіпті. Бірақ та ол етік жамағанда жіпті түйіп тігеді екен. Арада көп уақыт өтпей-ақ шаһар халқы ісін ұқыпты істейтін етікші туралы есітіп, жұрттың барлығы соған етік жамататын болыпты. Ал оның ұстазына етік тіктіруге адамдар мүлде келмей қойыпты. Сонда ұстазы мұның мәнісін білмек болып шәкіртінен сұрағанда ол: Кімде-кім өз ісін адал атқарса әлбетте Аллаһ тағала оның адал еңбегіне береке береді. Баланың еңбекте бағы жануына оның медреседе алған білімі себепші болса керек. Өйткені, ондағы ғалым кім қандай іспен айналыспасын, сол істің қас шебері болуы тиіс деп жиі қайталайды екен.

Сұрақтар:

1. Абзал етікшінің ісінен нені байқады?
2. Етікші Абзалға не үйретті?





	3. Абзалға етікшінің жауабы ұнады ма? 4. Шәкіртінің адал болуына кім себеп болды? Мұғалім ертегі туралы оқушылардың жауаптарын толықтырады Адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады. Адал болу кез келген адамның өз қолында. Ол біздің ішкі жан дүниемізден бастау алады. Адамның көңілі таза, пейілі кең, адал, шыншыл болғанда әділдікке қол жеткізеді. Адам адал еңбек етсе ғана өз мақсатына жетеді.		
Шығармашылық жұмыс	Мұғалім шығармашылық жұмыс ұйымдастырады. I қатар «Сәйкестендіру» 1. Әділ А. Ешкімнің сөзіне еліктемей, шындыққа сүйене отырып, ешқандай жағдайларға қарамастан, дұрыс, адал көзқараста болу; 2. Адалдық Ә. Өзінің де, өзгенің де сөзін қорғай білу; 3. Шыншылдық Б. Адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана сезімімен ар-ожданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық этикалық жиынтығы. II қатар. Адалдық дегеніміз не? 1. Адал; 2. Мейірімділік; 3. Сабырлылық; 4. Кішіпейілділік; 5. Адамгершілік; 6. Еңбекқорлық; 7. Қарапайымдылық; 8. Парасаттылық; 9. Әділдік; 10. Имандылық.	<i>Оқушылар мұғалім берген тапсырманы жеке орындап, ортада өз жұмыстарын талқылайды.</i>	
Топпен ән айту (3 минут)	<i>Мұғалім оқушылармен бірге «Адалдық» әнін орындайды.</i> <i>Сөзі мен әні: Тоба Өтепбаевтікі</i>	<i>Оқушылар мұғаліммен бірге ән шырқайды.</i>	Экранға өлеңнің мәтіні көрсетіледі.



Сабақтың қорытынды сәті	<i>Адалдық — адам мінезіндегі бағалы қасиет.</i> <i>Адалдық — адам бойындағы таза қасиет.</i> <i>Адал ұрпақ жарқын болашақ</i> <i>Жарқын болашаққа нық қадам басайық!</i> <i>Оқушылар, адал еңбек етсеңдер өз мақсаттарыңа міндетті түрде жетесіңдер.</i> <i>Мұғалім оқушыларға өз мақсаттарына жетулеріне тілек білдіріп, бүгінгі сабақ үшін рақмет айтады.</i>	<i>Оқушылар көздерін жұмып, сабақта не ұнағанын еске түсіріп, оны жүрегіңде сақтауды ұсынады.</i> <i>Оқушылар рефлексия жасайды.</i>	
---------------------------------------	--	--	--

Арайлым Кенжегалиевна ЖАНАБАЕВА,
 Подхоз негізгі орта мектебі өзін-өзі тану пәні мұғалімі.
 Бәйтерек ауданы,
 Батыс Қазақстан облысы.



Иррационал теңдеулер және олардың жүйелерін шешу

Сабақтың мақсаты: иррационал теңдеу жөнінде түсінік беру, иррационал теңдеуді шешу жолдарын үйрету.

Сабақтың міндеттері:

- Есептер шығару барысында білімдерін нақтылау, ой қорытындылау арқылы алған білімдерін баяндап, көрсете білуі, пәнге қызығушылығын арттыру;
- Есеп шығару барысында ережелерді дұрыс пайдалана отырып есте сақтау, логикалық ойлау және математикалық тілде сөйлеу қабілетін дамыту;

- Өз бетімен және ұжымда жұмыс істей білуге, жылдамдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, карточкалар, схемалар.

Сабақ түрі: аралас сабақ.

Оқыту әдісі: сұрақ-жауап, ізденіс, салыстыру.

Математикада адамды шаттандыратын бір қасиет бар. Хаусдорф Ф.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (2 мин)



II. Өткенді пысықтау (5 мин)

III. Жаңа материалды өту (20 мин)

IV. Жаңа материалды бекіту (12 мин)

V. Үйге тапсырма (2 мин)

VI. Қорытынды (4 мин)

1. Ұйымдастыру кезеңі (2 мин): сәлемдесу, журналмен жұмыс, оқушыларды сабаққа дайындау, сабақтың мақсатын қою.

2. Өтілген материалды қайталау (5 мин)

Сұрақтар:

1. а санының n-ші дәрежелі түбірі дегеніміз не?

2. Көбейтіндіден түбір шығару қалай орындалады?

3. Бөлшекпен түбір шығару қалай орындалады?

4. Түбірдің дәрежесі көрсеткішімен түбір таңбасының ішіндегі өрнектің көрсеткіші туралы ережені тұжырымда.

5. Түбірді дәрежеге шығару үшін не істеуге болады?

6. Түбірден түбір шығару қалай орындалады?

7. №91, №93- есептерді шығарылуын тексеру.

3. Жаңа материалды өту (20 мин)

Анықтама. *Иррационал теңдеу* деп белгісіз түбір таңбасының ішінде болатын теңдеуді айтады.

Иррационал теңдеулерді шешудің *екі тәсілі* бар:

1) теңдеудің екі жақ бөлігін бірдей дәрежеге шығару;

2) жаңа айнымалыны енгізу;

Берілген иррационал теңдеуді түрлендіру арқылы келесі түрге келтіреміз:

$$\sqrt[n]{f(x)} = g(x)$$

2) Теңдеудің екі жақ бөлігін n-ші дәрежеге шығарып $(\sqrt[n]{f(x)})^n = (g(x))^n$ шешу әдісі белгілі $f(x)=g^n(x)$ теңдеуін аламыз;

3) Соңғы теңдеуді шешіп, табылған тү-

бірлерді берілген теңдеуге қойып тексереміз.

4) Теңдеуді қанағаттандыратын түбірлерді *теңдеу түбірлері* деп атаймыз. Қанағаттандырмайтын түбірлер теңдеудің *“бөгде түбірлері”* деп аталады

Интерактивті тактада мына иррационал теңдеулердің шешу әдістерін көрсету

I. Теңдеудің екі жағын бірдей дәрежеге шығару тәсілі.

1-мысал. $x + \sqrt{3x + 7} = 7$;

Шешуі. Радикалы бар өрнекті теңдіктің сол жағында қалдырып, теңдеудің қалған мүшелерін теңдіктің оң жағына шығарамыз. Сонда $\sqrt{3x + 7} = 7 - x$.

Теңдеудің екі жақ бөлігін квадраттаймыз: $(\sqrt{3x + 7})^2 = (7 - x)^2$. Осыдан $3x + 7 = 49 - 14x + x^2$ немесе $x^2 - 17x + 42 = 0$. Соңғы теңдеудің түбірлері $x_1 = 3$ және $x_2 = 14$.

Табылған x-тің мәндерін берілген теңдеуге қойып, теңдіктің орындалатынын тексереміз:

1) $x_1 = 3$ түбірін x-тің орнына қойсақ, $3 + \sqrt{3 \cdot 3 + 7} = 7$; $3 + 4 = 7$; $7 = 7$, яғни теңдік орындалады.

2) $x_2 = 14$, яғни $14 + \sqrt{3 \cdot 14 + 7} = 7$; $14 + 7 = 7$; $21 \neq 7$

2-мысал. $\sqrt{x - 1} + \sqrt{2x + 6} = 6$ теңдеуін шешейік.

Шешуі. $\sqrt{2x + 6} = 6 - \sqrt{x - 1}$

$$(2x + 6)^2 = (6 - \sqrt{x - 1})^2,$$

$2x + 6 = 36 - 12\sqrt{x - 1} + x - 1$; $12\sqrt{x - 1} = 29 - x - x$ екінші рет квадраттаймыз: $144(x - 1) = (29 - x)^2$, $144x - 144 = 841 - 58x + x^2$, $x^2 - 202x + 985 = 0$, $x_1 = 5$ және $x_2 = 197$.

Тексеру жүргізіп; $x_1 = 5$ берілген теңдеудің түбірі болатынын, ал $x_2 = 197$ бөгде түбір екенін аламыз. Жауабы: 5.

II. Иррационал теңдеуді жаңа айнымалы енгізу арқылы шешу.

$$\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}} + \sqrt{\frac{2x+3}{3x-2}} = 2,5 \text{ теңдеуін шешейік.}$$



Шешуі. $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}} = t > 0$ жаңа айнымалысын енгізейік. Сонда $\sqrt{\frac{2x+3}{3x-2}} = \frac{1}{t}$, болады. Осыны ескерсек, $t + \frac{1}{t} = 2,5$ теңдеуін аламыз. Шыққан бөлшек-рационал теңдеуді бүтін теңдеуге келтіреміз: $t^2 - 2,5t + 1 = 0$, бұдан $t_1 = 2$; $t_2 = \frac{1}{2}$.

Түбірлерді ескерсек, $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}} = 2$ және $\sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}} = \frac{1}{2}$ теңдеулерін аламыз. Енді шыққан теңдеулерді шешеміз.

$$1) \sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}} = 2, \frac{3x-2}{2x+3} = 4, 3x-2 = 8x+12, x = -2,8.$$

$$2) \sqrt{\frac{3x-2}{2x+3}} = \frac{1}{2}, \frac{3x-2}{2x+3} = \frac{1}{4}, 12x-8 = 2x+3, x = 1,1.$$

Тексеру: $x = -2,8$ үшін

$$\sqrt{\frac{3 \cdot (-2,8) - 2}{2 \cdot (-2,8) + 3}} + \sqrt{\frac{2 \cdot (-2,8) + 3}{3 \cdot (-2,8) - 2}} = \sqrt{4} + \sqrt{\frac{1}{4}} = 2 + \frac{1}{2} = 2,5$$

$x = 1,1$ үшін

$$\sqrt{\frac{3 \cdot 1,1 - 2}{2 \cdot 1,1 + 3}} + \sqrt{\frac{2 \cdot 1,1 + 3}{3 \cdot 1,1 - 2}} = \sqrt{\frac{1,3}{5,2}} + \sqrt{\frac{5,2}{1,3}} = \frac{1}{2} + 2 = 2,5$$

Жауабы: 1,1; -2,8.

4. Жаңа материалды бекіту (12 мин)

Кітаппен жұмыс. №96, 98.

$$1) \sqrt{x+2} = 4$$

Шешуі.

$$(\sqrt{x+2})^2 = 4^2; x+2 = 16; x = 14;$$

Тексеру: $x = 14, \sqrt{14+2} = 4, \sqrt{16} = 4, 4 = 4$.

Жауабы: 14.

$$2) \sqrt[3]{3-x^2} = -1.$$

Шешуі. $(\sqrt[3]{3-x^2})^3 = (-1)^3; 3-x^2 = -1, x^2 = 4, x = -2, x = 2$.

Тексеру: $x = 2, \sqrt[3]{3-2^2} = -1, -1 = -1$

$$x = 2, \sqrt[3]{3-(-2)^2} = -1, -1 = -1$$

Жауабы: -2; 2.

Карточка №1

1) $\sqrt[3]{x+2} = 3$ екі жағын үшінші дәрежеге шығарамыз $x+2=27, x=25$

Тексеру $x=25 \sqrt[3]{25+2} = \sqrt[3]{27} = 3$

$$3) 3 + \sqrt{x+3} = x$$

$\sqrt{x+3} = x-3$ екі жағын квадраттаймыз

$$x+3 = x^2 - 6x + 9$$

$$x^2 - 7x + 6 = 0$$

$$D = 49 - 4 \cdot 6 = 49 - 24 = 25$$

$$x_1 = \frac{7 - \sqrt{25}}{2 \cdot 1} = \frac{7-5}{2} = 1 \quad x_2 = \frac{7+5}{2} = 6$$

Тексеру: $x=1, 3 + \sqrt{1+3} = 3 + \sqrt{1+3} = 6, 5 \neq 6$, қанағаттандырмайды.

$$x=6, 3 + \sqrt{6+3} = 3 + \sqrt{9} = 3 + 3 = 6, 6 = 6.$$

Жауабы: 6.

Карточка №2

$$(x^2 - 4)\sqrt{x+5} = 0$$

$$x^2 - 4 = 0 \quad \sqrt{x+5} = 0$$

$$x_1 = -2 \quad x_2 = 2 \quad x+5=0 \quad x_3 = -5$$

Тексеру $x=-2, ((-2)^2-4)\sqrt{-2+5}=0 \cdot \sqrt{3}=0$

$$x=2, (2^2-4)\sqrt{2+5}=0 \cdot \sqrt{7}=0$$

$$x=-5, ((-5)^2-4)\sqrt{-5+5}=21 \cdot 0=0$$

Жауабы: -5; -2; 2

5. Үй тапсырмасы. §6. №97, 99 (2 мин)

6. Сабақ қорытындысы. Оқушылардың жұмысын бағалау. (4 мин)

Меруерт Амангельдиевна

ДЖУМАЛИЕВА,

«Тарбағатай колледжі» КММ физика және математика пәні оқытушысы.

Ақсуат ауылы,

Тарбағатай ауданы,

Шығыс Қазақстан облысы.



Спортшыларды даярлау жүйесіндегі педагогикалық бақылау

Спортшылардың заманауи дайындығы бұл жаттықтырушылар басқаратын күрделі және көпжылдық педагогикалық процесс. Спортшылардың жарыстарда сәтті өнер көрсету мәселесі ұтымды ғылыми негізделген және іс жүзінде тиімді жаттығулар жүйесін дамыту мәселесін ерекше өзекті етеді. Оқу процесін сәтті басқару үшін оған ең аз уақыт, күш және энергия шығындарымен максималды нәтиже беретін ұйым қажет. Бұл мәселені спортшының жай-күйі мен оған жаттығу жүктемелерінің әсері туралы нақты білім негізінде ғана сәтті шешуге болады. Сондықтан басқару тиімділігі ойыншы немесе команда туралы сенімді, толық және уақтылы ақпарат алуға тікелей байланысты. Басқарудың маңызды функцияларының ішінде бақылауға маңызды рөл беріледі. Кері байланыс функциясын орындай отырып, бұл дайындық кезінде қолданылатын құралдар мен әдістердің тиімділігін бағалауға, оқу жоспарларына түзетулер енгізуге, жүктемелерді жекелендіруге мүмкіндік береді. Бақылаудың негізгі міндеті — спортшының әртүрлі жаттығуларындағы белгілі бір кемшіліктерді түзету емес, алынған ақпарат негізінде тиімді дайындыққа ықпал ететін түзетулерді уақтылы енгізу мүмкіндігі. Соңғы жылдары спортшылардың оқу-жаттығу процесінде педагогикалық бақылаудың рөлі артты. Оның тиімділігін арттыру қажеттілігі спортшыларды даярлаудың әр түрлі аспектілеріне қойылатын талаптардың артуымен байланысты. Педагогикалық бақылаудың мәліметтері спортшыларды даярлаудың жоспарланған жоспарларының орындалуын бақылауға, қолданылатын құралдар мен әдістердің тиімділігін анықтауға, оқу процесін жетілдірудің жаңа жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Осылайша, спортшыларды даярлау процесінде педагогикалық бақылауға байланысты мәселелердің өзектілігін ескере отырып, сұрақтар ерекше назар аударады:

- қолданылатын құралдар мен әдістердің тиімділігін бағалау;

- спортшының дайындығының әр түрлі жақтарын бағалау үшін көрсеткіштерді тандау және бақылау нормативтерін негіздеу;

- спорттық нәтижелер динамикасын анықтау және спортшылардың жетістіктерін болжау;

- талантты спортшыларды іріктеу.

Спорттағы педагогикалық бақылаудың тиімділігі оқу процесін басқару сапасына тікелей әсер етеді. Оқу процесін басқару үш кезеңнен тұратыны белгілі. Ақпарат жинау, оны талдау және жоспарлау. Жаттығу барысында жаттықтырушы спортшының физикалық жағдайы, оның техникалық және тактикалық шеберлігі, ерік-жігердің даму деңгейі, жүктеме және т.б. туралы әр түрлі ақпарат жинауы керек. Сонымен қатар, жаттықтырушы техникалық және тактикалық шеберліктің көрсеткіштерін тестілеу нәтижелерімен және жүктеме туралы мәліметтермен үнемі салыстыруы керек. Тек осылай ғана сіз олардың әрқайсысы немесе жалпы команда үшін ең тиімді жаттығулар мен әдістерді тандап, олардың сабаққа, кезеңге, маусымға әсерін анықтай аламыз.

Педагогикалық бақылау жаттығулар мен жарыстар процесінде жүзеге асырылады. Кеңсенің осы екі бөлімі бір-бірін толықтырады. Жаттығу кезінде педагогикалық бақылау келесі тармақтар бойынша жүзеге асырылады:

- жаттығу процесіне қатысушылардың қатынасын бақылау;



- қолданылатын жаттығу құралдарын бақылау;
- жаттығу құралдарының тиімділігін бақылау;
- жаттығу жағдайын бақылау.

Спортшылардың бәсекеге қабілеттілігін педагогикалық бақылау келесі көрсеткіштерді бағалауды қамтиды:

- спортшылардың жарыстарға қатынасы;
- спортшылар мен команданың техникалық көрсеткіштері;
- спортшылардың жарыс жүктемелеріне төзімділігі.

Оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыруды бірлікте қарау керек.

Бұл жағдайда бақылау спортшының жоспарланған жоспарға сәйкес дайындығын қамтамасыз ететін жедел басқару ретінде әрекет етеді. Бұл ретте алынған нәтижелердің белгіленген жоспарлармен сәйкестік дәрежесі және кейіннен түзету бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

Тестілеу – спорттық дайындық процесін педагогикалық бақылаудың ең көп таралған тәсілі. Спортшылардың физикалық және техникалық дайындығын бағалау үшін көптеген сынақтар жасалды. Тестілеу жиілігі көбінесе нақты физикалық қабілеттердің даму қарқынымен, олардың жас-жыныстық және жеке даму ерекшеліктерімен анықталады. Кешенді бақылау жүйесін құрудың бастапқы және маңызды кезеңі тесттерді таңдау мен негіздеумен байланысты екені белгілі. Тестілеу бағдарламасын құру кезінде Сіз мыналарды анықтауыңыз керек: спортшылардың дайындығын бағалау үшін қандай сынақтарды қолдану керек, оқу-жаттығу жұмыстарын жоспарлау үшін қажетті сенімді ақпарат алу үшін қанша тест қажет.

Тесттерді таңдағанда тек арнайы талаптарға сай келетіндерді қолдану керек:

- стандарттық.
- бағалау жүйесінің болуы.
- сенімділік.
- ақпараттылығы (валидтілік).

Стандарттық тестілеу рәсімі мен шарты тестті қолданудың барлық жағдайларында бірдей болуы тиіс. Бағалау жүйесі. Спортшылар әр түрлі тесттерде көрсеткен нәтижелер әр түрлі бірліктерде (секундтар, сантиметр) көрсетіледі, сондықтан бір-бірімен тікелей салыстыруға келмейді. Сонымен қатар, тестілеу деректері спортшының жағдайы қаншалықты қанағаттанарлық екенін көрсетпейді. Сондықтан нәтижелер бағалауға, ұпайға, балға және т.б. айналады. Бағалау, әдетте, екі кезеңде жүреді. Бірінші кезеңде спортшылар көрсеткен нәтижелер ұпайға айналады, екінші кезеңде жинаған ұпайларды алдын ала белгіленген нормалармен салыстырғаннан кейін қорытынды баға шығарылады. Осылайша, белгілі бір спорт түрлерін қолдана отырып, жеке дене қасиеттерін ерекше тәрбиелеу барлық негізгі дене қасиеттерін дамытудың белгілі бір минимумына негізделуі керек, ол әдетте орта мектептегі сабақтарда немесе арнайы оқу орнында дене шынықтыру бойынша тәжірибелік сабақтарда немесе спорт мектептеріндегі дайындық топтарында қол жеткізіледі.

Сонымен, қорта келгенде әрбір жаттықтырушы немесе спортшы осындай әдіс-тәсілдерді пайдаланып жұмыс жасайтын болсақ. Елімізде мықты және жақсы спортшылар тәрбиелеуге болады.

**Исенбай Отегенұлы
МОЛДАХАНОВ,
YESSEN OV UNIVERSITY**

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының

аға оқытушысы, магистр.

Ақтау қаласы.

Маңғыстау облысы.